

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқарма шешімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 65 хаттамасымен бекітілген

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру қызметінің ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру қызметінің ережесі (бұдан кейін - Ереже) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында (бұдан кейін - ДББҰ) және оның филиалдарында (бұдан кейін – Зияткерлік мектептер) білім беру қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасы «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мен «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Заңына, ДББҰ даму Стратегиясына сәйкес әзірленген.

3. Осы Ереженің талаптары:

1) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалы «Астана қаласының Халықаралық мектебінде» білім беру тәртібін;

2) Қазақстан Республикасының, облыстардың, Алматы, Астана, Шымкент қалаларының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің шешімдеріне сәйкес қашықтықтан оқыту жағдайында білім беру қызметі тәртібін ұйымдастыру қолданылмайды.

Бұл жағдайда білім беру қызметі Басқарма шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының оқушыларын қашықтықтан оқыту жағдайында білім беру қызметін жүзеге асыру қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Зияткерлік мектептердің білім беру қызметі қазақстандық және әлемдік білім беру жүйелерінің ең үздік дәстүрлерін ұштастыратын орта білім берудің инновациялық үлгісін қалыптастыруға және Зияткерлік мектептердің басты міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған:

- оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету;

- өзін-өзі дамытуға, шығармашылыққа ұмтылатын білімді, адамгершілігі мол, сыни ойлай алатын, физикалық және рухани жағынан жетілген азаматты қалыптастыру;

- азаматтық пен отаншылдыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, шыдамдылық пен жоғары мәдениетке тәрбиелеу;

- мемлекеттік тілмен қатар орыс, шет тілдерін меңгеруге жағдай жасау;
- оқушылардың оқу бағдарламаларын игеруіне қолайлы жағдай туғызу;
- оқытудың жаңа технологияларын енгізу, оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- оқушылардың өз бетімен білім алу мен қосымша білім алудағы қызығушылығын қанағаттандыру;
- оқушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға игілікті орта мен денсаулықты қорғайтын жағдай жасау;
- мұғалімнің тиімді кәсіби жұмыс жасауына жағдай жасау, оның беделді әлеуметтік мәртебесі мен шығармашылық дамуын қамтамасыз ету;
- Зияткерлік мектептері оқушыларының заңды өкілдерімен тиімді әрі мүдделі өзара әрекеттесуге және азаматтық қоғамдастықпен әріптестік қарым-қатынас құруға жағдай жасау.

5. Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бракеражды (сарапшылық) комиссия – Зияткерлік мектепте оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру, тамақ өнімдерінің сапасы, дайын тамақтың органолептикалық көрсеткіштері, аспаздық, тәтті тағам өнімдерінің сапасын бағалау және мектепте тағам дайындау мен бөлу кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау мақсатында құрылған комиссия;

1-1) академиялық демалыс – оқушының Зияткерлік мектепте медициналық себептермен өз оқуын уақытша тоқтата алатын кезеңі;

2) білім беру процесіне қатысушылардың әл-ауқаты – жағымды эмоция, оң қарым-қатынас, икемді ойлау, қызығушылық, әлеуметтік-маңызды қызметке, жоғары жетістіктер мен игі мақсаттарға ұмтылу, проблемаларды шешуде эмоционалдық құзыреттілікті және дағдыларды меңгеру компоненттерінен тұратын тұрақты өмірлік ұстаным;

3) вариативті компонент – Типтік оқу жоспарының жүктеме түрі, инвариативті оқу жоспары компонентінен тыс қосымша жүктемені қамтиды, филиалдарда оқу үшін міндетті болып табылады;

4) виртуалды мектеп – ақпараттық желі, оқушыларға онлайн режимінде тапсырмаларды орындауға және мұғалімнің қашықтық білім беру технологияларын пайдаланып әдістемелік материалдар мен кеңес беруде қосымша білім беруін ұйымдастыру тәртібі;

5) сабақтан тыс іс-шаралар – Зияткерлік мектептерінің білім беру процесіне қатысушыларының жан-жақты дамуына бағытталған және білім алушылардың жеке қабілеттерінің жүзеге асуы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілетін іс-шаралар тізімі арқылы өтетін жұмыс;

6) мектепшілік бақылау (бұдан кейін – МІБ) – мектепті басқарудағы негізгі функциялардың бірі, білім беру процесін жүйелі және терең зерттеуді, мұғалімнің қызметіне уақтылы әдістемелік және

практикалық көмек көрсетуді қамтиды, МІБ-ды Зияткерлік мектептің директоры және оның орынбасарлары жүргізеді;

7) Халықаралық бакалавриаттың дипломдық бағдарламасы (International Baccalaureate Diploma Program) – халықаралық білім беру қоғамдастығының әр түрлі орта мектептерінің білім беру бағдарламаларының элементтерін қамтитын, әлемнің университеттеріне оқуға түсуге дайындайтын әмбебап курс;

7-1) Қашықтан оқыту – онлайн және оффлайн түрлерінің әр түрлі элементтерін біріктіретін білім және дағдылар алудың түрі;

8) қосымша білім беру – оқушылар мен мамандардың әр түрлі қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында өтетін тәрбие және оқыту процесі;

9) ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлар – бір оқу жылы және бір тоқсан аясына сәйкес белгілі бір пән бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға арналған оқу жоспарлары. Онда оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелер; тараулар мен бағдарлама тақырыптарының мазмұны; білім беру процесін ұйымдастыруға қажетті оқу-әдістемелік ресурстар тізімі көрсетіледі;

10) білім туралы құжат – тиісті білім деңгейі аяқталғаннан кейін оқушылардың алған білімін растайтын құжат;

11) Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасы (бұдан кейін-БАББО) ДББҰ филиалдары мен еншілес ұйымдарының білім беру және әкімшілік бизнес - процестерін автоматтандыру үшін құрылған кешенді ақпараттық жүйе;

12) инспекциялау – Зияткерлік мектептерде педагог қызметкерлердің жұмысын ұйымдастырудағы бірыңғай талаптардың сақталуын бақылау, Зияткерлік мектепте ұйымдастырылған қызметтің нақты жағдайын тексеру және бағалау, білім беру қызметінің тиімділігін арттыру бойынша шараларды әзірлеу;

13) инварианты компонент – Типтік оқу жоспарының жүктеме түрі, пәндер бойынша академиялық жүктемені қамтиды, филиалдарда оқуға міндетті болып табылады;

14) мұғалімдердің жеке жұмыс жоспары – мұғалімдердің кәсіби дамуына бағытталған құжат, әр мұғаліммен жеке жүргізіледі және аттестаттаудан өту барысында қаралады;

15) жеке білім беру маршруты – бұл оқушының жеке жоспар (маршрут) бойынша нақты мақсаты көрсетілген және анықталған мерзімде оның қабілетін дамыту және әл-ауқатын жүзеге асыру жоспары;

16) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі - АКТ) – ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктерін (ноутбуктер, интерактивтік және PDP-тақталар және т.б.) қамтитын, білім беруді ақпараттандыруды қамтамасыз ететін компьютерлік, интерактивтік, сырттағы жабдықтар, бағдарламалық құралдар, мультимедиялық кабинеттер мен смарт-сыныптар кешені. АКТ білім беру құралдарына, пән мазмұны бар және оқушылармен өзара әрекеттесуге негізделген белгілі бір

педагогикалық міндеттерді шешуге арналған алуан түрлі бағдарламалық-техникалық құралдар жатады;

17) демалыс мектебі – виртуалды мектепте оқуын табысты аяқтаған немесе Зияткерлік мектептер базасында «Математика», «Жаратылстану», «Ағылшын тілі» және оқу тіліне байланысты «Қазақ тілі/Орыс тілі», «Қазақ тілі және әдебиеті/ Орыс тілі және әдебиеті» пәндерінен тестілеуден өткен, қысқа мерзімді күндізгі оқу түрінде оқып кеңес алған 5 және 6 сынып оқушыларына қосымша білім беруді ұйымдастыру түрі;

18) қысқа мерзімді жоспар - оқыту мақсаттары (мұғалімнің іс-әрекеттеріне қатысты нұсқаулық) мен оқу мақсаттары (оқушылардың іс-әрекеттеріне қатысты нұсқаулық), ресурстар мен оқу процесінің кезеңдері қамтылатын сабақ жоспары;

19) критериалды бағалау – дайындалған критерийлер мен дескрипторлар негізінде оқушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін күтілетін нәтижелермен өзара сәйкестендіру процесі;

19-1) сынып – жастары жақын және бірдей білім беру бағдарламасымен оқитын бір оқу жылындағы оқушылар тобы;

20) педагог – ұйымдастырушы – куратор, оқушылардың оқу және ғылыми-зерттеу, сауықтыру-спорт, мәдени-әлеуметтік бағыттағы сабақтан тыс білім және тәрбие жұмысын қадағалайтын қызметкерлер;

21) таңдау курстары – оқушының қалауы бойынша таңдалатын білім беру бағдарламаларын іске асырудың ұйымдастыру тәртібі, оқушылардың оқу дайындығын кеңейтуге бағытталған, оқу жоспарының вариативті оқушылар компонентінің құрамдас бөлігі (үйірме жұмысы);

22) жазғы мектеп – оқушылардың академиялық әл-ауқаты мен жобалық-зерттеу жұмыс дағдыларын, сонымен қатар Зияткерлік мектептер және білім беру ұйымдары оқушыларының әлеуметтік және эстетикалық кешенді дамуына ықпал ету мақсатында жаз кезінде өткізілетін қосымша білім беруді ұйымдастырудың түрі;

23) халықаралық аккредитациялау - аккредитациялау ұйымының Назарбаев Зияткерлік мектебі ұсынатын білім беру қызметтерінің аккредитация стандарттарына сәйкестігін мойындау рәсімі;

24) Халықаралық Бакалавриат (International Baccalaureate) – ЮНЕСКО мен Еуропа Кеңесінде кеңес беру мәртебесі бар халықаралық үкіметтік емес білім беру ұйымы. Халықаралық Бакалавриат бағдарламасының негізгі мақсаты қазіргі қоғамдағы өмірге бейімделген жеке тұлғаны зияткерлік, шығармашылық және адамгершілік бағытында жан-жақты дамыту. Келесі бағдарламалар:

- негізгі мектеп оқушыларына арналған 11-16 жас (MYP);
- жоғары сынып оқушыларына арналған дипломдық бағдарлама – 16-18 жас (DP) жүзеге асады;

25) әдістемелік кеңес - Зияткерлік мектепте педагогикалық қызметке шығармашылық көзқарасты қалыптастыруға ықпал ететін әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бойынша алқалы орган;

26) білім беру процесінің мониторингісі – одан әрі жетілдіру мақсатында білім беру мекемелеріндегі жүйелі бақылау, диагностика, талдау, бағалау және болжау, білім беру процесінің нәтижелері мен жағдайындағы өзгерістер динамикасы;

27) бейіндік оқыту бағыты - 7-12 сыныптарда пәндер тобын тереңдетіп оқу, жаратылыстану-математикалық (физика-математикалық, химия-биологиялық) бағытта бейінді оқытуды ұйымдастыру;

28) ғылыми жарыстар (конкурстар, жобалар) – оқушылардың ғылыми зерттеулерге қызығушылығын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, олардың ғылыми зерттеу әдістерін меңгеру мақсатында жыл сайын өткізілетін іс-шара;

29) оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі – құндылық, әрекеттік, кіріктірілген және коммуникативті тәсілдеріне негізделген мектептің білім беру қызметінің құрамдас бөлігі;

30) білім беру қызметі – білім беру процесі барысында жеке тұлғаны оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттеріне бағытталған педагогикалық нысандардың дәйекті өз ара әрекеттесу процесі;

31) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ білім беру бағдарламасы – NIS-Programme (бұдан кейін - Білім беру бағдарламасы) - жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға бағдарланған Зияткерлік мектептерінің білім беру процесін және білім мазмұнын ұйымдастыру ісіндегі жалпы тәсілдерді анықтайтын тұжырымдамалық сипаттағы нормативтік шектемелі құжат. Бұл құжат нәтижеге бағдарланған білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен ережелерін анықтайды;

32) қосымша білім беру бағдарламасы – оқушылардың оқу барысында сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған қосымша курстардың білім беру мазмұнын айқындайтын білім беру бағдарламасы, таңдау курстары, элективтік курстар, оқушылармен жеке жұмыс жасау арқылы вариативті компонентте іске асырылады;

33) Қазақстан Республикасының Президенті «Өркен» оқу гранты – (бұдан әрі – «Өркен») дарынды балалардың «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында білім алулары үшін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын грант;

34) Алынып тасталынды

35) күтілетін оқу нәтижелері – оқушылардың даму көрсеткіштері болып табылатын және тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің алдағы уақыттан күтетін жетістіктерін көрсететін білім берудің (білім беру мен тәрбиелеудің) ұзақ мерзімді және орта мерзімді мақсаттарының көп деңгейлі жүйесі. Олар оқушылардың білім берудің ортақ мақсаттарына қол жеткізу барысындағы жетістіктерін бақылауға мүмкіндік береді;

36) бағалау – белгіленген критерийлер негізінде оқушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін күтілетін оқу нәтижелерімен салыстырып тексеру процесі;

37) онлайн-семинарлар – қашықтық білім беру технологиялары мен бағдарламаны қамтамасыз етіп, педагогтардың кәсіби оқытуын ұйымдастыру түрі;

38) серіктес мектептер – ұзақ мерзімді қарым-қатынасты, ерікті, өзара тиімді ынтымақтастықты және қатысушы мектептердің мүдделерін үйлестіру қағидаттары негізінде Зияткерлік мектептердің қазақстандық және шетелдік мектептермен, Зияткерлік мектептермен өз ара тең ынтымақтастығы;

39) патенттер – заңмен кепілденген зияткерлік, өнер, техникалық өнертапқыштық салаларында меншіктікті иемдену;

40) Педагогикалық кеңес – оқу процесінде түбегейлі мәселелерін қарастыруға арналған Зияткерлік мектептерді алқалы басқару түрі;

40-1) Зияткерлік мектептердің Шағын педагогикалық кеңесі – бір параллельде немесе бір сыныпта жұмыс істейтін, оқу-тәрбие процесінің сапасын, міндеті оқу жағдайлары мен нәтижелерін жақсарту болып табылатын мұғалімдерді біріктіретін алқалы басқару органы;

41) психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум - Зияткерлік мектептердің қызметкерлері, ата-аналары мен оқушылары арасындағы қиындықтарды сындарлы түрде талқылау және оның оқудағы прогресін қамтамасыз етуде келісілген шешімдерді қабылдау, психоэмоционалды жағдайды тұрақтандыру, ішкі ресурстарды анықтау, оқушылардың өзін-өзі реттеуі және әлеуметтік интеграция дағдылары мен құзреттіліктерін дамыту мақсатында өзара әрекеттесу түрі;

42) саясат – білім алуға жетістіктерге, және білім саласындағы мақсаттарға жетуде әрекет пен шешімдерді қабылдау үшін жалпы басшылықты орнататын құжат;

43) оқушы портфолиосы – оқу жылында барлық пәндер бойынша оқушының жеке оқу жетістіктерін есепке алу, жинақтау және бағалау әдісі;

44) мұғалім портфолиосы – мұғалімнің білім беру қызметіндегі жеке кәсіби жетістіктері, оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және жан-жақты дамыту нәтижелері, оның белгілі бір уақыт аралығында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесінің, жеке жетістіктерін көрсету әдісі;

45) пәндік олимпиада – анықталған ғылым саласында бірнеше кезеңде өткізілетін оқушылардың зияткерлік сайыстарының түрі;

46) Мектептің даму жоспары –ДББҰ Даму стратегиясына негізделген Зияткерлік мектептердің жұмыс бағытын анықтайтын құжат;

47) бейінді оқыту – оқытуды дифференциациялау және даралау, білім беру процесінде оқушылардың қызығушылығын, бейімділіктерін мен қабілеттерін есепке ала отырып ұйымдастыру;

48) жұмыс оқу жоспары - Зияткерлік мектептердегі пәндерді оқыту үшін оқу процесінің мазмұнын, ауқымын, құрылымын анықтайтын нормативтік құжат;

49) «толық күн» режимі – оқушылардың сабақ және сабақтан тыс әрекетін үйлесімді ұштастыруға, мектептің білім беру кеңістігін

қалыптастыруға мүмкіндік беретін, оқушылардың жеке оқу бағдарларын іске асыруға, білім беру және сауықтыру процесін бірыңғай атқарымдық кешенге біріктіруге септігін тигізетін Зияткерлік мектептің қызметін ұйымдастыру;

50) ата-аналар комитеті – Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім беру және тәрбиелеу процесін дамыту және жетілдіру, ата-аналар қауымдастығы мен мектептің өзара әрекеттесуі мақсатында жұмыс істейтін тұрақты алқалы өзін-өзі басқару органы;

51) мұғалімге арналған басшылық – мұғалімге көмектесетін оқу-әдістемелік материалдар;

52) жүйелі-әдістемелік кешен (бұдан кейін – ЖӘК) – оқулықтар және басқа материалдар, оқулықтардың электронды нұсқасы, презентациялар және дыбыс-бейне материалдары, сабақтарға дайындық материалдары, оқу бағдарламалары мен жоспарынан тұратын ақпараттық жүйе, сонымен қоса кеңестік қолдау және тиімді тәжірибе алмасу үшін платформа, мұғалім үшін басшылық болып табылады;

53) Типтік оқу жоспары – пәндер бойынша білім бағдарламасының көлемін, құрамын регламенттейтін оқу құжаты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, Білім беру бағдарламасы және Халықаралық Бакалавриат бағдарламасына сәйкес дайындалады, жұмыс оқу жоспарының негізі болып табылады;

54) үш тілді білім беру – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, түрлі қызмет салаларында табысты қарым-қатынас жасай алатын, өзге ұлттардың мәдениетін құрметтейтін, өз халқының дәстүрін, мәдени құндылығын қадірлейтін, көптілді тұлға, Қазақстан азаматын қалыптастыру;

55) Зияткерлік мектептердің пән бойынша оқу бағдарламасы – нақты оқу пәні бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға арналған, оқу мақсаттарын, міндеттерін және күтілетін нәтижелерін, орта білімнің барлық деңгейлеріне білім беру мазмұнының құрамы мен құрылымын, пәнді оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемін, оқушылардың оқу жетістіктерін анықтайтын нормативті-оқу құжат;

56) оқушылардың өзін-өзі басқаруы – Зияткерлік мектепті басқаруда, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогикалық ұжыммен және Зияткерлік мектептің әкімшілігімен бірлесе туындаған мәселелерді шешуге оқушылардың қатысуы;

57) оқушы компоненті – үйірме жұмысы жүктемесі қосылған типтік оқу жоспарының вариативті құрамы;

58) мектеп компоненті – филиалдарда Білім беру бағдарламасы бойынша оқитын, міндетті мектеп курсы мен элективті курстың жүктемесін қоса алғанда типтік оқу жоспарының вариативті құрамдас бөлігі;

59) «Шаңырақ» мектеп қауымдастығы – іс-шара өткізуде оқушылардың оқуда, әлеуметтік жобаларда өзара көмек көрсету және

көшбасшылық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқушылардың қауымдастығы;

60) экстернат – оқушы сабаққа жүйелі түрде қатыспай, өз бетімен тиісті бастауыш, негізгі және жоғары мектептердің бағдарламаларын оқып және олардың Зияткерлік мектептегі оқу жетістіктеріне бағалау жүргізу арқылы өтетін оқу түрі;

61) элективті курстар – оқушының таңдауы бойынша міндетті қатысатын курстар, қызығушылықтары бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру түрі. Зияткерлік мектептің даму стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған оқу жоспарының мектеп компонентінің бөлігі;

62) инвариантты компонентке теңестірілген⁹ элективті курстар – халықаралық (IELTS, SAT, NUFYP, HSK, TOPIC, DSD) емтихандарын тапсыруға, бейінді пәндерден (математика, физика, химия, биология, география, информатика) олимпиадаға дайындық бойынша, нанотехнология, биотехнология, инженерия, робототехника, ақпараттық-коммуникациялық технология, және екінші шет тілі бойынша курстар өткізу;

2. Зияткерлік мектептердің білім беру қызметін ұйымдастыру

6. Зияткерлік мектептердің білім беру қызметі оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік және эксперименттік жұмыстарды қамтиды.

7. Зияткерлік мектептердің білім беру қызметі келесі білім деңгейлеріне сәйкес жүргізіледі:

- бастауыш мектеп (6 (7)-11 жас) - бастауыш білім беру;
- негізгі мектеп (12-16 жас) - негізгі орта білім беру;
- жоғарғы мектеп (16-18 жас) - жалпы орта білім беру.

8. Бастауыш сыныптарда оқушылардың адам, табиғат және қоғам туралы пропедевтикалық білімдер, қарым-қатынастың қарапайым негіздерін және әлеуметтік маңызы бар дағдылардың элементтерін игеруі, қарапайым тілдесу, өзара әрекеттесу, бірлесіп жұмыс істеу, өз бетімен оқу дағдыларына біртіндеп ие болуы, жалпы оқу қабілеттерін, зерттеушілік қызметінің бастапқы негіздерін қалыптастыру үшін қарапайым зерттеу тәсілдерін үйренуі қамтамасыз етіледі.

Бастауыш мектепте оқушылардың табиғи қабілеттерін ашуға және осы жастағы танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес зияткерлік әлеуетті дамытуға алғышарттар құрылады.

Бастауыш мектептегі білім беру процесі балалардың қызығушылығын, дұрыс әуесқойлығын, туралығын, өзін-өзі қолайлы сезінуін қолдауға және дамытуға бағытталған. Білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі қағидасы әр баланы құрметтеу және оған мейіріммен қарау нормаларын ұстану болып табылады.

Бастауыш мектеп негізгі мектепте білім алуға негіз болып табылады.

9. Негізгі мектепте оқушылардың пәндік білімдерінің негіздерін, басқалармен өзара әрекеттесу үшін әлеуметтік дағдылары мен коммуникативтік қабілеттерді игеруі, оқушылар тұлғасының қалыптасуы, оқушылардың оқу бағытын, кәсіби қызығушылықтарын таңдауда өз орнын белгілеу, оқу, жобалық, зерттеушілік әрекет түрлерін байланыстыру арқылы өз бетімен жұмыс істей білуді дамытуын қамтамасыз етеді.

Негізгі мектеп жеке тұлғааралық және этникааралық мәдениеттің негіздерін қалыптастыруда білім беру кеңістігін құруды көздейді.

Негізгі мектеп жоғарғы мектепте білім алуға негіз болып табылады.

10. Жоғарғы мектеп жалпы орта білімді іске асырып, оқушылардың жалпы білім беру дайындығының аяқталуын қамтамасыз етеді. Жоғарғы мектеп жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша бейінді оқытуды жүзеге асыруды, жоғары оқу орнына түсуге академиялық дайындықты қамтамасыз етеді.

Жоғарғы мектептің білім беру процесі оқушылардың әлеуметтік сауаттылығын дамытуға, өз құқықтары мен міндеттерін сезінуге бағытталған.

Жоғарғы мектеп өз қызығушылығын, келешектегі жоспарларын және өзінің алдағы өмірлік жолын таңдауды іске асыруды, таңдалған қызмет бағытында жетістікке қол жеткізуде жүйелілік пен табандылықты тәрбиелеуді, бүкіл өмір бойы білім алуды жалғастыруға, өзін-өзі дамыту мен жетілдіруге деген ынтаны дамытуды қамтамасыз етеді.

11. Зияткерлік мектептердің білім беру процесі ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген Типтік оқу жоспары (бұдан кейін-ТОЖ) және пәндер бойынша оқу бағдарламалары негізінде дайындалады.

12. Зияткерлік мектептердің ТОЖ-да:

- инварианттық және вариативтік мектеп компонентін есепке алатын білім беру салалары мен оқу пәндеріне бөлінген сағаттардың саны көрсетілген сыныптар бойынша апталық оқу жүктемесі;

- вариативтік мектеп және оқушы компонентін есепке алып бейінді пәндер, таңдау пәндері бойынша апталық оқу жүктемесі берілген.

13. Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларда оқу пәндерінің бағдарлама бөлімдері мен тақырыптарының мазмұны, бір оқу жылы мен бір тоқсан шеңберінде күтілетін нәтижелері ұсынылған.

Орта мерзімді жоспарлар білім беру процесін ұйымдастыруға ықпал етеді және пәндер бойынша оқу бағдарламасының әдістемелік түрде дұрыс жоспарлауын қамтамасыз етеді.

Пәндердің ұзақ және орта мерзімді оқу жоспарлары, бағдарлама дайындаушылары мен шетелдік эксперт - кеңесшілермен бірлесіп пәндердің бағдарламалары негізінде құрылады. Бұдан кейін оқу бағдарламаларын қайта қарауды бағдарлама дайындаушылары жүзеге асырады.

Пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарлар оқу бағдарламаның құрамында ДББҰ Басқарма шешімімен бекітіледі.

Мұғалімдер пәннің қысқа мерзімді жоспарын орта және ұзақ мерзімді оқу бағдарламалары негізінде құрастырады.

14. Зияткерлік мектептердің жүзеге асыратын оқу процесін ұйымдастырудың негізі оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу болып табылады.

15. Білім беру процесін жүзеге асыру үшін Зияткерлік мектептер Даму жоспарын ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілетін Зияткерлік мектептердің даму жоспарларын әзірлеу және бекіту ережесі, олардың орындалу мониторингісі және бағалау негізінде дайындайды.

16. Зияткерлік мектепте білім беру процесін ұйымдастыру жұмыс оқу жоспарының негізінде құрылып, жылдық күнтізбелік оқу кестесімен және сабақ кестелерімен реттеледі.

Жұмыс оқу жоспары (бұдан кейін - ЖОЖ), ТОЖ негізінде Зияткерлік мектептері директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары дайындайды. ЖОЖ мектептің Педагогикалық кеңестің шешімімен бекітіледі.

17. Зияткерлік мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, ЖОЖ және оқу бағдарламаларына сәйкес жылдық күнтізбелік оқу кестесін, ал мектеп мұғалімдері пәндердің қысқа мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарларын құрастырады.

18. Мұғалімнің жұмыс кестесі Зияткерлік мектеп директоры бекітетін Еңбек тәртібі ережесімен анықталады. Жұмыс аптасының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленеді.

19. Зияткерлік мектептерде оқу процесі көптілді (қазақ, орыс, ағылшын және екінші шет тілінде) білім кеңістігін құруда оқу және сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталған.

Зияткерлік мектептерде білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқыту тілі, сондай-ақ пәндерді оқыту тілі бойынша бөлу ДББҰ бекіткен Үштілді оқыту саясатына сәйкес оқу бағдарламасында көрсетіледі.

20. Жоғарғы мектепте таңдау бойынша тереңдетілген және стандартты деңгейдегі пәндер («Физика», «Химия», «Биология», «Информатика») ағылшын тілінде өткізіледі. Топтық оқыту қарастырылады.

21. Зияткерлік мектептердегі оқу және сабақтан тыс жұмыстарды есепке алу электрондық журнал және өткізілмеген және ауыстырылған сабақтарды есепке алуды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбие және мектептен тыс іс-шаралардың есебін мектеп директорының бұйрығымен анықталған жауапты тұлға (бұдан әрі – жауапты тұлға) жүргізеді.

22. Жұмыс жүктемесі негізінде мұғалімдердің апталық оқу жүктемесі анықталады, ол жалпы жұмыс түрлері аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс (инвариантты компонент, міндетті мектеп курсы, вариативті компонент, инвариантты компонентке теңестірілген компонент).

Зияткерлік мектептерінің педагогикалық қызметкерлері арасында оқу жүктемесі, оқу жоспары бойынша оқу уақытының көлемі негізінде

педагог мамандармен қамтамасыздандыруды және басқа да нақты жағдайларды ескере отырып бөлінеді.

Педагогикалық оқу жүктемені бөлу құқығы, оның нақтылығы, әр мұғалімнің және оларға теңестірілген педагогикалық қызметкерлерге белгіленген оқу көлемінің сапалы орындалуына Зияткерлік мектептің директоры жауапты.

Педагогикалық жұмыстың көлемі апталық оқу жүктемені ескере отырып анықталады және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қызметкердің келісімен жеке еңбек шартымен белгіленеді.

23. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Басқарма шешімімен бекітілетін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыратын филиалдарында оқу процесіне тікелей қатысатын қызметкерлердің жүктемесін есепке алу әдістемесіне сәйкес әрбір мұғалім әр оқу жылына жеке жұмыс жоспарын жүргізуге міндетті.

24. Зияткерлік мектептерде оқитын оқушылардың қажеттілігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқу экстернат түрінде де жүзеге асырырылады.

25. Сабақ кестесі, сабақ және сыныптан тыс іс-шаралардың барлық түрлері мен нысандарын ескере отырып, жауапты тұлға жасаған оқу процесі жүзеге асырылатын құжат.

6 күндік жұмыс аптасының 6-оқу күні жобалық-зерттеушілік, шығармашылық жұмыс, жеке кеңес алу, спорттық-сауықтыру, мектептен тыс тәрбиелік, оқушының қалауы бойынша жеке кеңестер және тұлғаны дамытатын іс-шараларды ұйымдастыруға арналған.

26. Сабақ кестесін мектептің ата-аналар комитетімен алдын ала келісе отырып Зияткерлік мектептің директоры әр жартыжылдықтың басына бекітеді, басылып шығарылады және Жауапты тұлғада сақталынады.

Электрондық нұсқадағы сабақ кестесіне оқу жылы бойы қажеттілік туындаған жағдайда өзгерістер енгізіледі.

Сабақ кестелерін дайындау кезінде Зияткерлік мектептің ЖОЖ, жылдық күнтізбелік оқу кестесі, педагогтардың апталық жүктемесі, Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде бекітілген санитарлық-эпидемиологиялық талаптары ескеріледі.

27. Оқушылардың оқу жүктемесі Білім беру бағдарламасы негізінде, «толық күн» режимінде ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген ТОЖ сәйкес жүзеге асырылады.

28. Зияткерлік мектептер жергілікті жағдайлар мен көліктің тасымалдауына байланысты, сабақтың басталу және аяқталу уақытын өздері белгілей алады. Сабақтың басталуы таңғы сағат 8-де (жергілікті уақыт бойынша). Зияткерлік мектептегі академиялық сағаттың ұзақтығы 40 минутты құрайды.

Зияткерлік мектептер ДББҰ-мен келісе бір сағаттық (60 минут) академиялық сабақтарды жүргізуге құқығы бар.

28-1. Қашықтықтан онлайн түрінде оқыту:

1) Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген және оқушылар үшін төтенше жағдайлар жарияланған кезде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларын қашықтықтан оқыту жағдайындағы білім беру қызметі Ережесіне» сәйкес;

2) Өңірлердің географиялық, климаттық ерекшеліктеріне сәйкес қолайсыз ауа райы метеожағдайларында мектеп директорының бұйрығы негізінде;

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының шешімі бойынша ұйымдастырылады.

29. Зияткерлік мектептердің сыныптары мен жатақхана топтарының толу нормативтері ДББҰ бекіткен бұйрыққа сәйкес белгіленеді.

Пәндердің тізімі, сыныптың пәндік топтарға бөлінуі жыл сайын ДББҰ Басқармасы бекітетін ТОЖ-да анықталады.

Сабақты өткізу барысында ТОЖ-дағы пәндердің топтарға бөлінуіне сәйкес сыныпа 17 оқушыдан көп оқушы болса, сынып екі топқа бөлінеді - бөлінетін сынып. Егер 17-ден кем оқушы болса, сынып бөлінбейді - бөлінбейтін сынып.

30. Жоғары мектепте сабақтар міндетті пәндер және таңдау пәндері бойынша стандартты және тереңдетілген деңгейде өткізіледі. Оқушылар стандартты және тереңдетілген деңгейдегі таңдауға арналған пәндерді негізгі мектепті бітіргеннен кейін ағымдағы жылдың 30 маусымына дейін өздігінен таңдайды. Жоғарғы мектеп оқушыларының пәндерді таңдауы олардың заңды өкілдерінің өтініші негізінде Зияткерлік мектептің директорының бұйрығымен бекітіледі.

Жоғары мектепте таңдау бойынша таңдалған пәндерді және пәндердің деңгейін (стандартты/тереңдетілген және керісінше) ауыстыру, бұйрық бекітілгеннен кейін қайта қаралмайды.

31. Жоғары мектепте міндетті «Математика» пәнін оқуда 10 сағаттық бағдарламадан 7 сағаттық бағдарламаға өтуі мүмкін емес.

32. Оқу жылы барысында оқушының оқу тілі өзгертілмейді.

33. Зияткерлік мектептердегі оқу процесі оқу жылы ішінде жүзеге асырылады және оқу апталарының жалпы ұзақтығымен 4 (төрт) тоқсаннан тұрады:

1) 5-9, 11 сынып оқушылары үшін – кемінде 35 апта;

2) 10-сынып оқушылары үшін – сырттай бағалауды қоспағанда кемінде 33 апта;

3) 12-сынып оқушылары үшін – сырттай бағалауды қоспағанда кемінде 31 апта.

Халықаралық бакалавриат бағдарламалары бойынша оқытуды жүзеге асыратын Астана қаласының Зияткерлік мектебінде оқу процесі оқу

жылы ішінде жүзеге асырылады және 2 (екі) семестрден тұрады, жалпы ұзақтығы оқу апталары:

- 1) 7-9, 11-сынып оқушылары үшін – кемінде 35 апта;
- 2) 10-сынып оқушылары үшін – сырттай бағалауды қоспағанда, кемінде 35 апта;
- 3) 12-сынып оқушылары үшін – сырттай бағалауды қоспағанда, кемінде 30 апта.

Оқу жылы бойында оқушыларға демалыс беріледі. Оқу жылы бойында демалыс күндерінің жалпы ұзақтылығы 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем емес,

Жазғы деамалыс 12 күнтізбелік аптадан кем емес, жоғары сынып оқушылары үшін - 10 күнтізбелік аптадан кем емес болады.

Оқу жылының басталуы мен аяқталуы, демалыстардың ұзақтығы ағымдағы жылдың 25 тамызына дейін ДББҰ төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

34. МІБ-ды Зияткерлік мектептің директоры мен орынбасарлары өткізеді, мектеп жағдайын, оқу процесіне қатысушыларының іс-әрекеттерінің сенімді нәтижелерін талдаудағы негізгі ақпарат көзі болып табылады және мектептің жұмысын үйлестіру мен педагогикалық ұжымға әдістемелік көмек көрсету мақсатында жүргізіледі.

МІБ туралы ережені Мектептер Басқарма шешімімен бекітілген білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдарындағы мектепшілік бақылау туралы Типтік ережеге сәйкес әзірлейді, педагогикалық кеңес отырысында қаралып, мектеп директоры бекітеді.

35. Зияткерлік мектептерде білім беру қызметін ұйымдастыруда, педагогикалық қызметкерлердің жұмысын және білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі бірыңғай талаптарды сақтауда «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілетін негізгі қызметі білім беру болып табылатын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдарын инспекциялау Ережесіне сәйкес инспекция өтеді.

36. Ұсынылған білім беру қызметінің жоғары сапасын, мектептердің білім беру бағдарламаларын халықаралық мойындау, түлектерге жетекші жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Зияткерлік мектептер «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларының оқу жетістіктерінің бағалау саясатына сәйкес халықаралық аккредитациялаудан өтеді.

37. Білім алушыларға экстернат түрінде оқытуды ұйымдастыру осы Ереженің 1-1-қосымшасына сәйкес «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім алушыларына экстернатты түрде оқытуды ұйымдастыру Тәртібімен анықталады.

37-1. Зияткерлік мектептердің оқушыларына медициналық себептерге байланысты осы Ереженің 1-2-қосымшасына сәйкес Назарбаев

Зияткерлік мектептері ДББҰ Басқармасымен бекітілетін Зияткерлік мектептері оқушыларына академиялық демалыс беру тәртіптерімен белгіленген академиялық демалыс берілуі мүмкін.

37-2. алынып тасталды.

38. Зияткерлік мектептерде педагогикалық қызметкерлер оқушыларға, оның жобалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолдау көрсетіп, жеке білім алу бағытын таңдауға және оның іске асуына келесі бағыттарда:

- жан-жақты дамуына және жеке білім алуына жағдай жасауға;
- оқушыларға қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттарды қоюға және жеке білім беру бағытын дайындауға, оны жүзеге асырудың әр кезеңінде жеке оқуын жоспарлауға көмектесуге;
- жеке оқу жоспарларының, қойылған мақсаттардың іске асырылуын қадағалауға;
- жеке жоспарға түзету енгізу үшін оқушылардың мұғалімдермен және басқа да педагогикалық қызметкерлермен өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға;
- оқушының шығармашылық әлеуетіне демеу көрсетуге, оның жобалық және ғылыми-зерттеушілік жұмысқа қатысуына ықпал етуіне;
- кәсіби бағдар және кеңестік жұмыстарына көмектеседі.

39. Зияткерлік мектептерде оқушылардың оқуын жекелендіруге және әлеуметтендіруге, келешектегі қызметін жауапкершілікпен таңдауға дайындау мақсатында осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес элективті курстар өткізіледі;

40. Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының жүйесі өз отанына шын берілген, бәсекелес ортада сәтті жұмыс істей алатын, мәдениеті жоғары және азаматтық жауапкершілігі бар үйлесімді дамыған, шығармашылық және адамгершілігі мол тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Зияткерлік мектептерде тәрбие жұмысының келесі негізгі бағыттары жүзеге асырылады:

- патриоттық тәрбие;
- зияткерлікті дамыту;
- рухани тәрбие;
- физикалық және психологиялық дамыту;
- көп мәдениетті даму;
- жаһандық азаматтық қағидаларын тәрбиелеу;
- көшбасшылық қасиеттерді дамыту;
- көркем-эстетикалық дамыту.

41. Зияткерлік мектептердің тәрбие процесі ДББҰ Қамқоршылық кеңесімен бекітілетін Назарбаев Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттары және Сабақтан тыс жұмыстар тізіміне сәйкес жүргізіледі.

42. Кураторлардың қызметі ДББҰ Басқармасымен бекітілетін Назарбаев Зияткерлік мектептердегі педагог-ұйымдастырушы-куратор қызметінің Ережесімен анықталады.

43. Жеке тұлғаны тәрбиелеу білім беру бағдарламасының тәрбиелік әлеуеті және оқушылардың сабақтан тыс жұмыстары арқылы жүзеге асырылады.

44. Зияткерлік мектептерде білім беру процесі сабақ арқылы жүзеге асады (лабораториялық жұмыс, практикалық жұмыс, жобалар, презентациялар және т.б.).

Оқушылардың түрлі оқу қызығушылықтарын қанағаттандыру, олардың шығармашылық, физикалық және зияткерлік дамуындағы түрлі бағыттардағы білімдері мен қабілеттерін кеңейту үшін таңдауға болатын түрлі сабақ түрлері ұсынылады (спорттық, көркем, зияткерлік, техникалық): үйірмелер, секциялар, техникалық шығармашылық клубтар, театрлық студиялар, би топтары, сурет, оқу және мүсіндеу көркем студиялар, музыкалық оркестрлер және басқа да сабақтан тыс шаралар.

Үйірме жұмысын ұйымдастыру және өткізу тәртібі осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

45. Зияткерлік мектептердегі білім беру процесін қазақстандық және шетел қоғамдастықтарының түрлі өкілдерімен әлеуметтік серіктестікте сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды қамтиды: ғылыми-зерттеушілік жобалар, әлеуметтік жобалар және әлеуметтік тәжірибелер, акциялар, фестивальдар, конкурстар және басқа да іс-шаралар.

Сабақтан тыс жұмысты өткізу педагогикалық ұжымның алқалы шешімімен жоспарланады, директор бекітіп, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары реттейді.

46. Зияткерлік мектептерде үш тілді білім беру және пәндер бойынша оқу бағдарламасын тиімді жүзеге асыру, оқушылардың академиялық, жобалық зерттеу дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоциялық және кешенді эстетикалық дамуы мақсатында ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген тәртіпте Зияткерлік мектептердің базасында жазғы мектептер өткізіледі.

47. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары үшін мектепішілік және желілік деңгейде, бір немесе бірнеше пәндер саласында білім мен дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беретін пәндік олимпиадалар өткізіледі. Пәндік олимпиаданы өткізу тәртібі ДББҰ Басқармасымен бекітілетін жалпы білім беру пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік, желілік кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу ережесіне сәйкес анықталады.

48. Оқушылардың жобалық ғылыми-зерттеу жұмыстары құндылыққа негізделген, белсенді, кіріктірілген және коммуникативті тәсілдерге негізделген оқыту түрінің бірі болып табылады. Оқушыларды ғылыми жарыстарға (конкурстарға, жобаларға) дайындау үнемі үздіксіз

жүргізіледі. Осы мақсатта Зияткерлік мектептер оқушылармен жұмыс жасау үшін тиісті салалардағы ғалымдар мен практиктерді тартады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушылармен жеке түрде және уақытша құрылған жұмыс топтарының құрамында университеттердің, ғылыми-зерттеу орталықтарының зертханалары базаларында, мектеп зертханаларында ұйымдастырылады. Ғылыми-зерттеу нәтижесінің бір түрі - зияткерлік меншік объектісіне патент алу. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі және жұмысты ұйымдастыру ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген тәртіппен анықталады.

49. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде «Серіктес мектептер» жобасы жүзеге асырылады. Оның мақсаты - мектептер мен серіктес білім беру ұйымдары арасында оқушылар және мұғалімдермен өзара және тәжірибе алмасуда ұзақ мерзімді тең ынтымақтастықты қалыптастыру.

50. Оқушылардың білім алу мен оқу дағдыларын меңгерудегі кемшіліктерін жоюға көмектесуге, сонымен қатар мотивация деңгейін көтеруге, қажеттіліктеріне сай келетін білім беру технологияларын игеруге және түрлі қызығушылықтарын қанағаттандыру мақсатында оқушының жеке білім беру бағыты ұйымдастырылады. Оқушының жеке білім беру бағытын ұйымдастыру осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес өткізіледі.

51. Зияткерлік мектептердің оқушылары оқулықтармен және оқу құралдарымен тегін қамтамасыз етіледі.

Оқушылар мен педагог қызметкерлерді оқу әдебиетімен қамтамасыз ету, олардың баспа және электрондық басылымдарды және кітапхананың басқа да ресурстарымен еркін пайдалануы ДББҰ Басқармасымен бекітілген ДББҰ филиалдары кітапханаларын пайдалану Ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Кітапхананың басты міндеттерінің бірі оқу-тәрбие процесінде ақпараттық-құжаттық қолдау көрсету, оқушылар мен педагог қызметкерлердің, оларға теңдестірілген тұлғалардың өз бетімен білім алуын, оқушылардың ақпараттық және оқырман сауаттылығын, зерттеу дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

52. Зияткерлік мектептердің кітапханасында кітаптарды берудің электронды жүйесі қолданылады (КАБИС бағдарламасы, «Кітап беру» және «Оқырман» модулдері). Қордағы кітаптардың әр данасына штрих-код қойылады. Электрондық кітап беру нақты уақыт режимінде кітапхана қоры мен статистикалық деректердің айналымын көрсетеді. Кітапхана қолданушылармен электрондық пошта арқылы байланыс жасап, ақпараттық сипаттағы және білім беру жаңалықтарын оқырмандар назарына жіберуді ұйымдастырады.

53. Зияткерлік мектептің сабақ кестесінде сабақ арасындағы үзіліс кезінде оқушылардың тамақтануы мен демалысына уақыттың жеткілікті бөлінуін қамтамасыз ету қарастырылған.

Зияткерлік мектептерде оқушыларға үш мезгіл (таңғы ас, түскі ас, түстен кейінгі тамақтану), жатақханада тұратын оқушыларға бес мезгіл

(таңғы ас, түскі ас, түстен кейінгі, кешкі ас, екінші кешкі ас) тамақтандыру ұйымдастырылады.

Тамақтану кестесін Зияткерлік мектептің әкімшілігі бекітеді.

54. Оқушыларды сапалы тамақпен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес Зияткерлік мектептерде дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау өткізу мақсатында мектеп директоры бекіткен бракеражды комиссия құрылады.

Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

55. Жоғарғы мектеп оқушыларының бастапқы әскери және технологиялық дайындығы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіп негізінде, мектептің оқу жоспарына/сабақ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

56. Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайтуды қамтамасыз ету, салауатты өмір салтын дамыту жөнінде жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында Зияткерлік мектептерде Медициналық қызмет құрылады.

Зияткерлік мектептерде оқушыларға медициналық көмек көрсету жұмысын штаттағы медициналық қызметкер жүргізеді, Зияткерлік мектептің әкімшілігі ДББҰ Басқармасы бекіткен Зияткерлік мектептердің медициналық қызметі туралы ережеге сәйкес қажетті құрал-жабдықтармен, дәрі-дәрмекпен, шығын материалдарымен және т.б. қамтамасыз етеді.

57. Зияткерлік мектептерде оқу процесіне барлық қатысушыларының (оқушылардың, педагог қызметкерлердің) психикалық және психологиялық денсаулығын қолдауға, әлеуметтік-психологиялық проблемалар мен қиындықтарды болдырмауға, жеңілдетуге немесе жеңуге бағытталған арнайы іс-шаралар жүйесін ұйымдастыру мақсатында Психологиялық қызмет құрылды.

Зияткерлік мектептердің Психологиялық қызметі өз жұмысын ДББҰ Басқармасы бекітетін Зияткерлік мектептердегі Психологиялық қызметтің типтік ережесіне, Зияткерлік мектептердегі психологиялық қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізеді.

Психологиялық қызметті басқару әкімшілік және кәсіби бағыттарында жүзеге асырылады:

- 1) кәсіби басқаруды Зияткерлік мектептердің психологиялық қызметін үйлестіретін ДББҰ құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады;
- 2) жалпы басшылық және әкімшілік басқару Зияткерлік мектептердің басшылары жүзеге асырады.

Психологиялық қызметтің жұмысын үйлестіруді Зияткерлік мектептердің психологиялық қызметтеріне жетекшілік ететін ДББҰ орталық аппаратының құрылымдық бөлімшесімен келісе отырып,

Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен мектептің мұғалім-психологтары тарапынан тағайындалған үйлестіруші жүзеге асырады.

58. Оқушылардың өмірінде болатын дағдарыстық, аса қатты психо-эмоционалды жағдайларында, деструктивті және аутодеструктивтік мінез-құлықтарына тиімді көмек және қолдау көрсетуде Зияткерлік мектептердің психологиялық-медициналық - педагогикалық кеңес беру шешімдеріне сәйкес әрекет жасау қажет.

Оқушыларға психологиялық – медициналық – педагогикалық сүйемелдеудің нәтижелігін қамтамасыз етуде денсаулық саласының, қамқоршы органдар мен балалардың құқығын қорғау комитеті және т.б мамандарымен өзара жұмыс жасаулары керек.

59. Заманауи және сапалы білім беруге жағдай жасау мақсатында Зияткерлік мектептердің оқу кабинеттері оқу жабдықтары, көрнекі құралдар, жиһаз, шығыс материалдарымен (химиялық реактивтер, препараттар және прекурсорлар) жабдықталады. Зияткерлік мектептердің әрбір кабинеті жоғары жылдамдықты интернетке (сымды және сымсыз) қосылған.

Компьютерлік сыныптарда, мультимедиялық кабинеттерде оқу жағдайлары (ауа температурасы, электромагниттік және электростатикалық өріс кернеуі, жасанды жарықтандыру және т.б.) Санитарлық Ережелерінде анықталған Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді.

Зияткерлік мектепте ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың үздіксіз жұмыс істеуін мектептің уәкілетті қызметкері (IT-мамандар) және «NIS Ақпараттық технология және сервис орталығы» жеке меншік ұйымы қамтамасыз етеді.

60. Зияткерлік мектептерінде Жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ) және оқу жүктемесінің (ОЖ) құрастыру бизнес-процесі, сабақ және мектептен тыс іс-шараларды жоспарлау, электронды журналды, оқушы күнделігін жүргізу және оқу процесінің басқа да функциялары МБЖ-да автоматтандырылған. Жауапты тұлға мектептегі кестені толтырады, оның ішінде келісім-шарт негізінде қосымша білім беру мұғалімдері өткізетін үйірме жұмыстары. Мектептегі деректердің уақтылы толтырылуын, сабақ кестесі ақпаратының жаңартылуын, оқу процесінде электрондық журналдың жүргізілуін бақылау Зияткерлік мектеп директорына жүктеледі.

3. Зияткерлік мектептерде оқу

61. Зияткерлік мектептердің 5-6 сыныптарына оқуға қабылдау ережесі ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітіледі.

Зияткерлік мектептерге қабылдау мектеп директоры бұйрығымен бекітіледі. 5-6 сынып оқушыларының заңды өкілдерімен білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалады.

62. Зияткерлік мектептердің 5-6 сынып оқушылары мемлекеттік тапсырыс және жартылай ата-аналардың төлемі есебінен оқиды.

Мемлекеттік тапсырыс және жартылай ата-аналардың төлемі шеңберінде оқу ақысы жыл сайын Зияткерлік мектептері ДББҰ Қамқоршылық кеңесімен бекітілетін төлем өлшемдеріне сәйкес төленеді.

63. Зияткерлік мектептерге оқушыларды қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті «Өркен» білім беру грантын тағайындау ережесіне және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында дарынды балаларды оқытуға ақы төлеу туралы Ережеге және ДББҰ Қамқоршылар Кеңесі бекіткен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында дарынды балаларға Қазақстан Республикасы Президенті «Өркен» білім беру грантын тағайындау ережесіне сәйкес жүргізіледі.

64. ДББҰ Басқармасымен бекітілетін нормативтік актілерге сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының оқушыларына жаратылыс-математика ғылымдарын оқу және оларды Зияткерлік мектептерге Қазақстан Республикасы Президенті «Өркен» гранты бойынша конкурстық іріктеуден өтуге дайындауға қолдау көрсету мақсатында 5-6 сынып оқушыларына виртуалдық және демалыс мектептері құрылады.

65. алып тастылынды.

4. Білім беру бағдарламалары

66. алып тастылынды.

67. Зияткерлік мектептерді білім беру мазмұны ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілетін Білім беру бағдарламасымен анықталады.

68. Білім беру бағдарламасы - орта білім беру саласында қазақстандық және халықаралық білім беру бағдарламаларын кіріктіруде ДББҰ саясатын жүзеге асыру;

- Зияткерлік мектептерде білім беру процесін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ұйымдастыру арқылы үш тілді білім алу жүзеге асыруды;

- көпмәдениетті білім беру кеңістігін құруды;

- танымдық әдістер бойынша зерттеу әдістері мен ілімдерін меңгеруді талап ететін жоғары мектеп деңгейінде, жаратылыстану-математикалық білім берудің академиялық және практикалық бағыттылығының үйлестіруді;

- жеке тұлғаның дамуында қолайлы орта мен атмосфера құру арқылы білім беру процесінде тәрбие компонентінің рөлін күшейтуді;

- өзін-өзі дамытуға және шығармашылыққа талпынатын білімді, адамгершілігі мол, сыни ойлай алатын, физикалық және рухани жағынан жетілген азамат қалыптастыруды;

- Қазақстанның білім беру сапасын жоғарлату есебінен еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал етуді қамтамасыз етеді.

69. Зияткерлік мектептердің пәндері бойынша оқу бағдарламалары - нормативті құжат болып табылады, ол нақты оқу пәндері бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға арналған. Құжатта, оқудың мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижесі; білім мазмұнының құрамы мен құрылымы, оқу жүктемесінің көлемі; оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауының тәсілдері белгіленген.

70. Оқушылардың оқу сұраныстары мен қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін Зияткерлік мектептер өздері немесе шетелдік әріптестермен бірлесіп әзірленген түрлі бағыттағы білім алу дайындығын кеңейтетін қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады.

71. Пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәртібі ДББҰ Басқармасымен бекітіледі.

72. Зияткерлік мектептердің білім беру қызметі отандық және халықаралық білім беру бағдарламаларының оң тәжірибесін кіріктіретін жаратылыстану-математикалық бағыттағы мектептердің инновациялық үлгісін іске асыруға бағытталған.

73. Халықаралық типтегі мектеп Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің білім беру процесі ресми халықаралық білім беру ұйымдарынан (CIS - Халықаралық мектептер кеңесі, NEASC - Жаңа Англияның мектептер мен колледжер қауымдастығы және т.б.) аккредитациялауынан өтіп, Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша авторизациялау (оқытуға құқығы бар) алады. Халықаралық бакалавриат бағдарламасы оқушылардың зияткерлік, әлеуметтік, эмоционалды және физикалық әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған, тез дамып келе жатқан және жаһандану жағдайында қоғамға тиімді кіруге дайындалады.

5. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі

74. Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалау, оқушылардың жеке жетістіктеріне мониторинг жүргізу және күтілетін оқу жетістіктеріне жетуіне талдау жасау, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

75. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау, барлық пәндер бойынша білім беру бағдарламаларына сәйкес оқушылардың оқу мазмұнын меңгеру деңгейлерін тексеру мақсатында жүргізіледі.

76. Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы, жиынтық бағалау және сыртқы жиынтық бағалау/сыртқы бағалаудан тұрады.

77. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың оқу процесінде білімді игеру мен дағдыларының қалыптасуын анықтайды, ол оқу бағдарламадағы оқу мақсатына жетудегі қиындықтарды анықтап көмек беруге мүмкіндік туғызады.

Қалыптастырушы бағалау оқу бағдарламасының бөлімін/әр түрлі тақырыптарын оқып өткеннен кейін және балл мен баға қойылатын белгілі бір оқу кезеңін аяқтағаннан кейін оқушының оқу жетістік деңгейін анықтау үшін өткізіледі. Жиынтық бағалау нәтижелері бойынша оқушының заңды өкілдеріне оқушының оқудағы жетістіктері бойынша ақпарат беріледі.

78. Оқу жетістіктерін критериалды бағалауды ұйымдастыру және өткізу тәртіптері, сонымен қатар оқушының келесі сыныпқа көшуі ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілетін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқудағы жетістіктерін критериалды бағалау ережесіне, Астана қаласы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» филиалдары оқушыларының оқудағы жетістіктерін критериалды бағалау ережесіне, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқудағы жетістіктерін сыртқы бағалау ережелері негізінде өткізіледі.

79. Негізгі және жоғары мектептерде жүзеге асырылатын оқу бағдарламаларын оқып бітірген және сыртқы жиынтық бағалаудан өткен Зияткерлік мектептердің оқушыларына тиісті білім деңгейі бойынша, мемлекеттік үлгідегі құжаттарға теңесетін құжаттар (негізгі мектепті бітіру туралы аттестат, жоғары мектепті бітіру туралы аттестат) беріледі. Білім беру туралы құжаттардың бірыңғай үлгісі және оны толтыру тәртібі ДББҰ Қамқоршы Кеңесімен бекітіледі.

80. 10 және 12 сынып оқушыларына «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау ережесіне сәйкес негізгі және жоғары мектепті бітіргені туралы аттестаттар беріледі.

81. Мемлекеттік үлгідегі тәртіппен белгілінген білім беру туралы құжаттармен қатар, Халықаралық білім беру сұрақтары бойынша Кембридж бағалау кеңесінің (бұдан кейін - ХББКБК) емтихандарын табысты аккредитациядан өтіп, NIS-Programme - білім беру бағдарламасын аяқтаған және ХББКБК сыртқы жиынтық бағалауынан өткен оқушыларға ХББКБК және ДББҰ сертификаты беріледі.

82. Халықаралық бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған оқушыларға, мемлекеттік үлгідегі тәртіппен белгілінген білім беру туралы құжаттармен қатар Халықаралық бакалавриат дипломы беріледі.

83. Зияткерлік мектепті бітіру туралы құжат алған оқушыларға, білім саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсу үшін Ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты беріледі.

84. Оқушылардың оқу жетістіктерінің динамикасына анализ жасау үшін жыл сайын мониторинг жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері оқушылар мен олардың заңды өкілдерін ақпараттандыру үшін қолданады, онда оқушы жетістіктігінің нәтижелері, соның ішінде оқудағы кемшіліктері, оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін диагностикалау және

оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған әкімшілік шешімдерді қабылдау үшін ақпарат көрсетіледі.

6. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру

85. Мұғалімнің шығармашылық жұмысына және оның кәсіби өсуіне жағдай жасау, мұғалімнің оқушылардың оқуын ұйымдастыруды тиімді көмек көрсету мақсатында Зияткерлік мектептерде әдістемелік қызмет жүйесі - Әдістемелік кеңес, әр пәндік цикл бойынша әдістемелік бірлестіктер, ақпараттық-кітапхана қызметі, шығармашылық топтар, шығармашылық лабораториялар, үздік мектептер, жас мұғалімдер мектебі, ғылыми-әдістемелік семинарлар, «Теңге - тең» және т.б. жұмыс істейді.

86. Зияткерлік мектептердің негізгі міндеттері ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу және білім беру бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз ету, білім беру процесіне инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша жұмысты ұйымдастыру, педагогтің шығармашылық ойлауын дамыту, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін дамыту, әдістемелік жұмыс тәжірибесін Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарына беру болып табылады.

87. Зияткерлік мектептің оқу-әдістемелік жұмысына тікелей басшылықты мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

88. Зияткерлік мектептің оқу-әдістемелік жұмысының негізгі бағыттары:

- педагогтардың ғылымның теоретикалық, әдіснамалық негіздерін, педагогика мен психологияның жетістіктерін, көзқарасты қалыптастыратын тиімді әдістемелерді, ой, танымдылық белсенділікті дамытатын өз бетімен білім алу қабілеттері мен дағдыларды игеруі;

- педагогикалық қызметкердің жеке және кешенді кәсіби бейімделуіне, қалыптасуына және дамуына жағдай жасайтын жүйені жетілдіру;

- мұғалімнің кәсіби және жеке дамуын ынталандыру;

- әдістемелік, сыни, шығармашылық ойлауды, оқытушының кәсіби құзыреттілігін дамыту;

- мұғалімнің кәсіби және жеке дамуының мониторингі;

- басқарудың инновациялық идеялары және озық тәжірибелерімен танысу, оларды шығармашылықпен пайдалану;

- оқу процесін жетілдіруге және мұғалім мен білім беру ұйымына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың әр түрін дайындау және өткізу;

- оқыту сапасын талдау, оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі, оқушыларды тәрбиелеу;

- педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалардың аттестаттау рәсіміне қатысу;
- оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.

89. Педагогикалық қызметке шығармашылық тәсілдемені қалыптастыру, оқу-тәрбие процесінің ең маңызды аспектілерінің даму қарқынын талдау, үздік шетелдік тәжірибені есепке алып, осының негізінде оқыту және тәрбиелеу әдістемесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу, оқу процесіне құзыретті басқарушылық әсерді қамтамасыз ету мақсатында Зияткерлік мектепте Әдістемелік кеңес құрылады. Әдістемелік кеңестің қызметі ДББҰ бекітілетін Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Әдістемелік кеңесі туралы Типтік ереженің негізінде дайындалған мектеп директоры бекітетін Ережемен реттеледі.

90. Тәрбиешілер, бастауыш сынып мұғалімдері, жалпы білім беру пәндерінің мұғалімдері, Зияткерлік мектептердегі кураторларға мектеп әдістемелік бірлестіктері құрылады. Әдістемелік бірлестіктердің қызметі ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктер туралы Типтік ереже негізінде директор бекіткен Ережемен реттеледі.

91. Әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктердің, жас педагог мектебінің, Зияткерлік мектептердің шығармашылық топтарының жұмысын үйлестіреді.

92. Жоғары мотивация деңгейін қолдау, педагогтардың белсенділігі мен өз бетімен жұмыс істеуін ынталандыру, рефлексивтік және бағалау әрекетінің дағдыларын дамыту, оқу және өз бетімен оқу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында мұғалімнің портфолиосы жасақталады.

93. Портфолио барлық жан-жақты жетістіктерді ескеруге, білім беру, шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативтік қызмет түрлерінде аралық және түпкілікті нәтижелерді белгілеуге мүмкіндік береді.

Портфолио оқытушының біліктілік дәрежесін арттыру немесе растауға, сондай-ақ, оған ынталандыру жариялау және оқу жылының қорытындысы бойынша марапат пен сыйақыларға ұсынуға, нақты өзгерістерді уақытында бекіту және педагогтың кәсіби шеберлігінің өсуіне қажетті ақпарат жинауды қамтамасыз етеді.

Мұғалім ДББҰ Басқармасы бекітетін ұсынымдар және оның құрылымына сәйкес портфолионы рәсімдейді.

94. Зияткерлік мектептердің жиналған педагогикалық тәжірибесімен бөлісу мақсатында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдеріне, ДББҰ Басқармасы шешімімен белгіленген тәртіпте онлайн семинарлар өткізіледі.

95. Онлайн семинарлар ДББҰ Басқарма төрағасының жыл сайынғы бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

96. «Жүйелік-әдістемелік кешен» онлайн-платформасы орта білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу барысында жалпы орта білім беретін және пилоттық мектептердің мұғалімдері үшін ақпараттық-әдістемелік базасы, республика мұғалімдерінің шығармашылық дамуы,

кәсіби өсуі мен ынтымақтастығы үшін онлайн-платформа болып табылады.

7. Эксперименттік жұмысты ұйымдастыру

97. Зияткерлік мектептер білім беру бағдарламалары мен технологияларының заманауи үлгілерін әзірлеу, апробация, енгізу және іске асыруды, алынған нәтижелерге мониторингілеу және талдауды, педагогтардың нақты оқу процесінің түрлі аспектілерін зерттеуді жүзеге асыратын эксперименттік алаң болып табылады.

Зияткерлік мектептерде нәтижеге бағытталған білім беру бағдарламалары, дарынды оқушыларға арналған мамандандырылған бағдарламалар, педагогикалық технологиялар, оқулықтар мен оқу кешендері, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі, білім беру қызметі сапасын бағалау жүйесі, оқу-тәрбие процесінің моделі сынақтан өтіп енгізіледі.

98. Зияткерлік мектептерде эксперименттік жұмыс, ДББҰ Басқармасы бекітетін ұйымдастыру ережесі негізінде жүргізіледі.

8. Білім беру қызметіндегі субъектілердің өзара қарым-қатынасы

99. Зияткерлік мектептердің білім беру қызметінің субъектілері оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, және оқушылардың заңды өкілдері болып табылады.

100. Зияткерлік мектептердің оқушылары және олардың заңды өкілдерімен қарым-қатынасы ДББҰ Жарғысымен, филиал туралы ережемен, ДББҰ бекіткен Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережелерімен, сондай-ақ білім беру ұйымдарының білім алушыларымен және олардың заңды өкілдерімен қамтамасыз ету туралы үлгілік шартпен реттеледі. ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген ақылы білім беру қызметтерімен регламенттеледі.

101. Зияткерлік мектептердің педагогикалық құрамы ДББҰ Басқармасы бекітетін Зияткерлік мектептерге педагогикалық қызметкерлерді конкурстық іріктеу ережелері негізінде қалыптасады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде қарастырылған медициналық қорытындымен тыйым салынған, психиатриялық және наркологиялық диспансерде тіркелген тұлғаларға Зияткерлік мектептерде жұмыс істеуге рұқсат етілмейді.

102. Зияткерлік мектептердің басшылық қызметтеріне (директор және оның орынбасарлары) конкурстық іріктеу және кадрлық резервті қалыптастыру ДББҰ Басқармасы бекітетін тиісті Ережелердің негізінде жүргізіледі.

Зияткерлік мектептердің басшылық қызметтеріне кадрлық резервті қалыптастыруға арналған конкурстық іріктеу өткізу ережелері Зияткерлік мектептердің бос басшылық қызметтеріне тұруға конкурс өткізудің, кадрлық резервті қалыптастырудың тәртібі мен талаптарын белгілейді.

103. ДББҰ Зияткерлік мектептерге шетелдік қызметкерлерді тартуға құқылы. Шетелдік қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыруды бақылау директордың сыртқы байланыс жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

9. Зияткерлік мектептерді басқару

104. Зияткерлік мектептерді басқару ДББҰ Жарғысына, ДББҰ бөлімшелері туралы ережеге, осы Ережелерге және Зияткерлік мектептің басқа да ішкі актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Зияткерлік мектептерді басқару дара басшылық және өзін-өзі басқару қағидаларымен жүзеге асырылады.

Өзін-өзі басқару органдары кеңес-жиналыстық органдары болып табылады және олардың шешімдері ұсыныс сипатына ие.

105. ДББҰ мен Зияткерлік мектептердің қарым-қатынастары ДББҰ Басқармасы бекітетін кестемен белгіленеді.

106. Зияткерлік мектеп қызметіне тікелей басқаруды қызметке тағайындалатын және одан ДББҰ Басқармасымен босатылатын Зияткерлік мектептің директоры жүргізеді.

Зияткерлік мектептің қызметіне директор жеке жауапты.

107. Педагогикалық қызметке басшылық ету үшін Зияткерлік мектепте Педагогикалық кеңес және Шағын педагогикалық кеңес құрылады.

Педагогикалық кеңестің және Шағын педагогикалық кеңестің негізгі міндеттері, функциялары, қызметін ұйымдастыру ДББҰ бекітетін Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Педагогикалық кеңесі туралы Үлгілік ереже негізінде Зияткерлік мектеп директоры бекітетін Педагогикалық кеңес туралы Ережемен белгіленеді.

108. Оқу-әдістемелік жұмысты үйлестіру үшін Зияткерлік мектепте Әдістемелік кеңес құрылады. Зияткерлік мектептің Әдістемелік кеңесінің құрамы, міндеттері және жұмысын ұйымдастыру тәртібі ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілетін Әдістемелік кеңестің үлгілік ережесі негізінде дайындалған және мектеп директорымен бекітілетін Әдістемелік кеңес туралы ережеде анықталады.

109. Зияткерлік мектепке балаларды тәрбиелеу және оқытуға ат салысу мақсатында Зияткерлік мектепте сыныптардың ата-аналар комитеттері мен Зияткерлік мектептің Ата-аналар комитеті құрылады.

110. Ережеде қарастырылған міндеттері іске асыру мақсатында, білім беру қызметі сапасын арттыру, материалдық базаны нығайту үшін қосымша мүлктік және қаржылай ресурстарды тартуда Зияткерлік мектептері Қамқоршылық кеңесін құруға құқығы бар. Мектептің

Қамқоршылық кеңесі Зияткерлік мектеп директорымен бекітілген Қамқоршылық кеңес туралы Ереженің негізінде қызмет етеді.

111. Оқушылардың білім беру ұйымдастыруды басқаруға қатысу құқығын іске асыру, сондай-ақ, ұйымдастырушылық қабілеттері бар тұлға, жауапты әрі тәрбиелі, өз бетінше таңдау жасауға дайын және белсенді өмірлік ұстанымы бар, шешім қабылдай білетін көшбасшы тәрбиелеу мақсатында Зияткерлік мектепте оқушылардың өзін-өзі басқару органдары құрылады (комитеттер, кеңестер және т.б.). Оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының қызметі ДББҰ бекітетін тиісті Үлгілік ережелер негізінде Зияткерлік мектеп директоры бекітетін ережелермен реттеледі.

112. Мектеп басқа қоғамдық өзін-өзі басқару органдарын құруға және олар туралы ережелер бекітуге құқылы.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
Басқарманың 2018 жылғы 13
желтоқсандағы шешімімен бекітілген
(№ 65 хаттама) «Назарбаев Зияткерлік
мектептері» дербес білім беру
ұйымының білім беру қызметінің
ережелеріне 1-1 қосымша

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының оқушыларына экстернат түрінде оқытуды ұйымдастыру тәртібі

1. Негізгі ережелер

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының оқушыларын экстернат түрінде оқытуды ұйымдастыру тәртібі (бұдан әрі – экстернат түрінде білім беру тәртібі) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының басқарма шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру қызметі ережелеріне сәйкес және негізгі қызметі білім беру болып табылатын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдарында экстернат түрінде оқытуды ұйымдастыру тәртібін анықтайды (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер).

2. Экстернат түрінде оқыту 8, 9, 11-сынып оқушыларына рұқсат етіледі және Зияткерлік мектепте бір оқу жылынан аспайтын мерзімге бүкіл оқу кезеңінде бір рет беріледі.

3. 7, 10, 12 сынып оқушылары үшін экстернат түрінде оқыту қарастырылмаған.

4. Экстернат түрінде оқуға көшіру үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) оқушылардың шетелде оқуға түсуі;
- 2) заңды өкілдерді шетелдік мекемелерге жұмысқа немесе оқуға жіберілуі;
- 3) заңды өкілдердің шетелде уақытша тұруы.

5. Экстернат түрінде оқуға ауысқан кезде оқушыда Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру гранты сақталады.

6. Оқушылардың экстернат түрінде оқу кезеңінде республикалық бюджеттен қаржыландыру жүргізілмейді.

2. Экстернатты түрінде оқытуды ұйымдастыру

7. Оқушының заңды өкілдері Зияткерлік мектеп директорының атына экстернат түрінде оқуға ауыстыру бойынша осы Тәртіптің 1-қосымшасына сәйкес өтініш береді.

Өтінішке қосымша:

- 1) шетелдік оқу орнынан шақыру немесе шетелде оқитынын растайтын басқа құжат;
- 2) заңды өкілдердің шетелдік мекемелерге жұмысқа жіберілгенін растайтын құжат;
- 3) заңды өкілдердің шетелде уақытша тұруы туралы анықтама;
- 4) визаны алғанын растайтын құжат (қажет болған жағдайда).

Экстернатқа құжаттарды тапсыру кезінде оқушының заңды өкілдері кері байланыс орнату үшін (ұялы телефон нөмірі, заңды өкілдер мен оқушының электрондық мекенжайы) байланыстарын көрсетуі қажет.

8. Оқушыларды экстернатқа ауыстыру туралы шешімді Педагогикалық кеңес/Шағын педагогикалық кеңес қабылдайды.

9. Ұсынылған құжаттар және Педагогикалық кеңестің/шағын педагогикалық кеңестің шешімі негізінде Зияткерлік мектеп директоры 3 (үш) жұмыс күні ішінде оқушыны экстернатқа ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

Шетелдік оқу орнында оқу басталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде оқушының заңды өкілдері Зияткерлік мектепке шетелде оқуға таңдалған пәндер тізімін және осы пәндердің оқу бағдарламалары тақырыптарының мазмұнын ұсынады. Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен оқушының жеке оқу жоспары, оқушыға пәндер бойынша қашықтықтан кеңестер өткізу кестесі (бұдан әрі – Кесте) бекітіледі.

Оқушының заңды өкілдерінің экстернат түрінде оқуға ауыстыру туралы өтініші мен бұйрығы «Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасы» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – БАББЖ), «Оқушылардың қозғалысы кітабы» модулінде тіркеледі.

Оқушының экстернат түрінде оқуға ауысуы туралы бұйрықтың көшірмесі оқушының жеке ісіне қоса салынады.

Бұйрық шығарылғаннан кейін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – ДББҰ) мен оқушының заңды өкілі арасында жасалған білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

10. Электрондық журналда оқушының экстернат түрінде оқу мәртебесін көрсететін арнайы «визуалды бөлектеу» белгісімен белгіленеді.

11. Оқушы экстернат түрінде оқуға ауыстырылған жағдайда, Назарбаев Зияткерлік мектебі 3 (үш) жұмыс күні ішінде оқушының экстернат түрінде оқуға ауыстыру туралы бұйрықтың көшірмесін соманы реттеу үшін оқушылар контингентімен жұмыс жасайтын жауапты ДББҰ құрылымдық бөлімшесіне жолдайды

Ай сайынғы оқушылар контингенті туралы ақпаратты ұсыну кезінде Назарбаев Зияткерлік мектебі экстернатқа ауыстырылған оқушылар туралы ақпаратты (сыныбын, оқыту тілі, мерзімі, күні және реттік нөмірі) көрсетуі тиіс.

12. Оқушы белгіленген мерзімнен бұрын оралған жағдайда оның заңды өкілдері Зияткерлік мектеп директорының атына осы Тәртіптің 2-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша өтініш береді және шетелде оқу орнында оқу бағдарламаларын меңгергенін растайтын құжаттарды ұсынады.

Ұсынылған құжаттар негізінде Зияткерлік мектептің директоры 3 (үш) жұмыс күні ішінде оқушыны күндізгі оқу нысанына ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

Бұйрықтың көшірмесі тиісті соманы түзету үшін құзыретіне оқушылар контингентімен жұмыс жасайтын ДББҰ құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.

13. . Бұйрық шығарылғаннан кейін ДББҰ мен оқушының заңды өкілі арасында жасалған білім беру қызметтерін көрсету шартына тиісті өзгерістер енгізіледі.

БАББЖ электронды жүйесінде «Оқушылардың қозғалыс кітабы» модулінде оқушының мәртебесі сәйкесінше өзгереді.

14. Зияткерлік мектептің білім алушысы экстернаттарды аяқтағаннан кейін оның шетелде білімін растайтын құжаттарды, шетелдік оқу орнында оқу бағдарламаларын игергенін (сағат саны, пәндер бойынша бағалар (балдар) ұсынуға міндетті.

15. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауды реттейтін құқықтық актілерде белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

16. Оқушы келесі сыныпқа Педагогикалық кеңестің/Шағын педагогикалық кеңестің шешімі негізінде ауыстырылады.

17. Зияткерлік мектептері мұғалімдері экстернат түрінде оқитын оқушыларға қашықтан кеңес берулері тегін жүзеге асырылады.

3. Оқушылардың экстернат түрінде оқуға көшу кезіндегі оқу процесін ұйымдастыру

3.1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «NIS-Programme» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын Назарбаев Зияткерлік мектептері үшін

18. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ағымдағы оқу жылының 30 қыркүйегіне дейін осы Экстернатты түрде оқуды ұйымдастыру тәртібінің 3-қосымшасына сәйкес оқушыға қашықтан кеңестер берудің жеке кестесін (бұдан әрі – Кесте) әзірлейді, Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

Бұйрық қол қойылғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде кестені PDF форматындағы бұйрық заңды өкілдер мен білім алушының электрондық почтасына пәндердің өздік оқуын ұйымдастыруы бойынша және хатты міндетті түрде тапсырылғаны туралы хабарламамен жібереді.

Оқушыларға пәндер бойынша кеңес беру ДББҰ оқу бағдарламасының жекелеген тақырыптарын немесе бөлімдерін өз бетінше меңгеруге көмектесу мақсатында жүзеге асырылады. Оқушыға көмектесу үшін www.sk.nis.edu.kz сайтының материалдарын, Google.doc қосымшасында орналастырылған құжаттар мен материалдарды өздігінен оқуға пайдалану ұсынылады.

Қажет болған жағдайда қашықтықтан кеңестер Кестеде белгіленген мерзімде онлайн байланыс арқылы ұйымдастырылады. Қажет болған жағдайда ауызша сауалнама және интернет байланысы арқылы оқушымен әңгімелесу жүргізіледі.

19. Пәндер бойынша оқушының оқу жетістіктерін бағалауға арналған тапсырмаларды куратор әр айдың 5-інен кешіктірмей заңды өкілдер мен білім алушының электрондық почтасына жібереді.

20. Оқушы тоқсан ішінде үш жиынтық жұмысты орындайды және пәндер бойынша орындалған тапсырмаларды тексеру үшін пән мұғалімі мен куратордың электрондық почтасына жібереді, ал көшірмесін заңды өкілдерге жібереді.

3.2. «Халықаралық бакалавриат» бағдарламасы бойынша оқытуды жүзеге асыратын Назарбаев Зияткерлік мектебіне арналған

21. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары осы Экстернатты түрде оқытуды ұйымдастыру тәртібінің 3-қосымшасына сәйкес әзірленген Кестені ағымдағы жылдың 30 қыркүйегіне дейін Назарбаев Зияткерлік мектебінің 8, 9 және 11-сынып оқушылары үшін директорының бұйрығымен бекітеді.

Қашықтықтан кеңестерді ұйымдастыру тәртібі 18-тармақтың екінші – төртінші тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Оқу жылы ішінде экстернат түрінде оқитын оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау мақсатында 8 және 9-сыныптарда қорытынды бағалау 11-сыныптарда қалыптастырушы бағалау жүргізіледі.

23. Оқушылардың оқу жетістіктерін қалыптастырушы және қорытынды бағалау нәтижелері «Бағаларды есепке алу» электронды жүйесінің жеке бетіне және электронды журналға енгізіледі.

24. Пәндер бойынша оқу жетістіктерін бағалауға арналған тапсырмаларды куратор әр айдың 5-інен кешіктірмей заңды өкілдер мен оқушының электрондық почтасына жібереді.

25. 8, 9 және 11-сынып оқушылары айына бір рет пәндер бойынша орындаған тапсырмаларды тексеру үшін пән мұғалімі мен куратордың электрондық почтасына жібереді, көшірмесін заңды өкілдерге жібереді.

Назарбаев Зияткерлік мектептері
оқушыларына экстернат түрінде
оқытуды ұйымдастыру тәртібінің
1 Қосымшасы

Үлгі

Назарбаев Зияткерлік мектебі _____ бағытындағы

_____ қаласындағы

_____ (директордың
АӘТ)

_____ (оқушының
АӘТ) ата-анасы (заңды өкілінен)

_____ (ата-ананың
АӘТ(заңды өкілі))

Өтініш

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалының _____ қаласындағы _____ бағыты _____ оқу тілі _____ сыныбында оқитын баламды _____ (аты-жөнін көрсету) экстернат түріне оқуға _____ ауыстыруыңызды сұраймын (себебін көрсетіңіз).

Оқуға таңдалған пәндердің тізбесін және оқу жоспары тақырыптарының мазмұнын балам «_____» _____20 _____ жылға дейін шетелдік оқу орнына оқитын _____ (шетелдік оқу орнының атауын көрсету) 15 (он бес) жұмыс күні мерзімінде ұсынуға міндеттенемін.

Мен баламның _____ (оқушының аты-жөнін көрсету) жиынтық жұмыстарын жеке кестесіне сәйкес уақытында орындауына жеке жауаптымын.

Мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалында оқушыларды экстернат түрінде оқытуды ұйымдастыру тәртібімен, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларының оқу жетістіктерін (10-бөлім) критериалды бағалау Ережесімен таныстым.

Оқушының заңды өкілінің байланыс деректері	үй телефоны __ ұялы телефоны __ e-mail __
--	---

Қоса беріліп отыр (құжаттардың тізімі):

1. __
2. __

(қолы және толық аты жөні)

«__» _____ 20__ жыл

Назарбаев Зияткерлік мектептері
оқушыларына экстернат түрінде
оқытуды ұйымдастыру тәртібінің
2 Қосымшасы

Үлгі

Назарбаев Зияткерлік мектебі _____ бағытындағы

_____ қаласындағы

**_____ (директордың
АӘТ)**

**_____ (оқушының
АӘТ) ата-анасы (заңды өкілінен)**

**_____ (ата-ананың
АӘТ(заңды өкілі)**

Өтініш

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалының _____ қаласы оқу тілі _____ сыныбында экстернат түрінде оқитын баламды _____ (оқушының аты-жөнін көрсету) _____ күндізгі оқу түріне ауыстыруыңызды сұраймын (себебін көрсету)

Қосымша: __ (құжаттардың тізімі)

(қолы және толық аты жөні)

«__» _____ 20__ жыл

Назарбаев Зияткерлік мектептері
оқушыларына экстернат түрінде
оқытуды ұйымдастыру тәртібінің
3 Қосымшасы

Үлгі

Экстернат түрінде оқитын оқушыға пәндер бойынша қашықтан кеңес берудің жеке кестесі

Оқушының аты-жөні _____

Мектеп _____

Сынып _____

Оқыту тілі _____

№	Пән атауы	Кеңестің өтетін күні	Кеңестің тақырыбы	Жиынтық бағалау жұмысын жіберу күні	Орындалған жиынтық бағалау жұмысын алу күні	Ескерту
1.						

2.						

Қолы және толық аты жөні:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары _____

Пән мұғалімі _____

Куратор _____

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
Басқарманың 2018 жылғы 13
желтоқсандағы шешімімен бекітілген
(№ 65 хаттама) «Назарбаев Зияткерлік
мектептері» дербес білім беру
ұйымының білім беру қызметінің
ережелеріне 1-2 қосымша

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушыларына академиялық демалыс беру тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларына академиялық демалыс беру тәртібі (бұдан әрі – Академиялық демалыс беру тәртібі) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, дербес білім беру ұйымының білім беру қызметінің Ережесіне сәйкес әзірленген және негізгі қызметі білім беру болып табылатын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер) филиалдары оқушыларына академиялық демалыс беру тәртібін, мерзімдерін айқындайды.

2. Келесі ұғымдар қолданылады:

1) академиялық демалыс – оқушының Зияткерлік мектепте оқуын медициналық себептерге байланысты уақытша тоқтатын кезең;

2) оқушының заңды өкілдері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баланың құқықтары мен мүдделеріне қамқорлық жасайтын, тәрбиелейтін, қорғайтын ата-анасы (ата-анасы), асырап

алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, патронат тәрбиеші және оларды алмастыратын басқа да адамдар.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру гранты (бұдан әрі – грант) немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитын Зияткерлік мектеп оқушысына академиялық демалыс беру кезінде оның грант немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде әрі қарай білім алу құқығы сақталады.

4. Оқушы академиялық демалыста болған кезеңде республикалық бюджеттен қаржыландыру қарастырылмайды.

5. Зияткерлік мектепте ақылы негізде оқитын оқушыға академиялық демалыс беру кезінде оқу ақысы академиялық демалыс кезеңіне тоқтатылады.

2. Академиялық демалыс беру тәртібі және мерзімдері

6. Зияткерлік мектеп оқушысының заңды өкілдері академиялық демалыс алуға үшін осы Тәртіптің 1-қосымшасындағы үлгіге сәйкес Зияткерлік мектеп директоры атына келесі құжаттарды қоса бере отырып, академиялық демалысқа шығу туралы өтініш береді:

1) амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-кеңестің комиссияның қорытындылары;

2) тиісті мамандандырылған медициналық ұйымдардың (бөлімшелердің, кабинеттердің) туберкулез, психикалық, тері-венерологиялық, онкологиялық аурулар және адамның иммун тапшылығы вирусымен/жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромымен ауыратындар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген қорытындылары.

7. алып тасталды.

8. Оқушыларға академиялық демалыс Педагогикалық кеңестің/Шағын педагогикалық кеңестің шешімі негізінде беріледі.

9. Академиялық демалыстың ұзақтығы жиырма күннен кем емес және он екі айдан аспауы керек.

10. Ұсынылған құжаттар және Педагогикалық кеңестің шешімі негізінде Зияткерлік мектеп директоры үш жұмыс күні ішінде басталу және аяқталу мерзімін көрсете отырып, оқушыға академиялық демалыс беру туралы бұйрық шығарады. Академиялық демалыс беру туралы бұйрықтың көшірмесі оқушының жеке ісіне қоса беріледі.

11. Электрондық журналға оқушының академиялық демалысқа шығу бұйрығы туралы белгі қойылады (бұйрықтың күні мен нөмірі).

12. Зияткерлік мектепте грант бойынша оқитын оқушыға академиялық демалыс беру кезінде академиялық демалыс беру туралы бұйрықтың көшірмесін үш жұмыс күні ішінде оқушылар контингентімен жұмыс істеуге жауапты «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесіне (бұдан әрі – құрылымдық

бөлімше) қаржыландырудың тиісті көлемі мен мерзімдерін түзету үшін жібереді.

Зияткерлік мектептер оқушылар саны туралы ай сайынғы ақпаратты беру кезінде ескертпеде академиялық демалыста болған оқушылар туралы мәліметтерді (сынып, оқыту тілі, мерзімі) көрсетуі тиіс.

13. Зияткерлік мектеп оқушысының заңды өкілдері академиялық демалыстан шыққаннан кейін Зияткерлік мектеп директорының атына осы Тәртіптің 2-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша академиялық демалысты беру туралы өтініш береді және бақылаған медициналық ұйымнан науқастың Зияткерлік мектепте оқуын жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытындымен денсаулық жағдайы туралы анықтамасын береді.

Егер оқушы стационарлық көмек көрсететін, сондай-ақ оңалту емі мен медициналық оңалтуды жүзеге асыратын ұйымда оқыған болса, онда Зияткерлік мектеп оқушысының заңды өкілдері оқушының оқу үлгерімі туралы табельді ұсынады.

14. Ұсынылған құжаттардың және Педагогикалық кеңестің/Шағын педагогикалық кеңестің шешімі негізінде Зияткерлік мектеп директоры үш жұмыс күні ішінде сыныпты көрсете отырып, Зияткерлік мектеп оқушысын академиялық демалыстан шығару туралы бұйрық шығарады.

Зияткерлік мектеп бұйрыққа қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оқушыны академиялық демалыстан шығару туралы бұйрықтың көшірмесін қаржыландырудың тиісті көлемі мен мерзімдерін түзету үшін құрылымдық бөлімшеге жолдайды.

15. Оқушы академиялық демалыстан шыққаннан кейін осы Оқу демалысы тәртібінің 16-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, академиялық демалыс алған сыныпта оқуын жалғастырады.

Білім алушы академиялық демалыстан шыққаннан кейін осы Академиялық демалыс беру тәртібінің 16-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, академиялық демалыс алған сыныпта оқуын жалғастырады.

Бұл ретте Зияткерлік мектеп директоры директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары және оқытушы-ұйымдастырушы-куратордың ұсынысы бойынша сабақта болмаған кезеңде қосымша сабақтардың жеке кестесін бекітеді.

16. Оқу жылының төртінші тоқсанында академиялық демалысқа шыққан оқушы, оқуға келмеген кезеңдегі оқу жоспарын меңгерген жағдайда келесі сыныпқа ауыстырылады.

Бұл жағдайда Зияткерлік мектеп директоры оқу ісі жөніндегі орынбасарының және оқытушы-ұйымдастырушы-куратордың берген ұсыныстары бойынша босатылған кезеңдегі қосымша сабақтардың жеке кестесін бекітеді.

17. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген Оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау Ережесіне, оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау Ережесінде белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің
оқушыларына академиялық демалыс
беру тәртібінің 1 Қосымшасы

Үлгі

Назарбаев Зияткерлік мектебі _____ бағытындағы

_____ қаласындағы

_____ (директордың
АӘТ)

_____ (оқушының
АӘТ) ата-анасы (заңды өкілінен)

_____ (ата-ананың
АӘТ(заңды өкілі))

Өтініш

Сізден _____ сыныпта _____ қаласында _____
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік
мектептері» филиалында _____ тілінде оқитын балама
_____ (АӘТ) денсаулығына байланысты академиялық демалысты
20 _____ «__» __ бастап беруіңізді сұраймын.

Қосымша тіркелген _____

(құжаттардың атауын көрсетіңіз)

(қолы, АӘТ, күні)

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің
оқушыларына академиялық демалыс
беру тәртібінің 2 Қосымшасы

Форма

Үлгі

Назарбаев Зияткерлік мектебі _____ бағытындағы

қаласындағы

_____ **(директордың
АӘТ)**

_____ **(оқушының
АӘТ) ата-анасы (заңды өкілінен)**

_____ **(ата-ананың
АӘТ(заңды өкілі)**

Өтініш

Сізден денсаулығына байланысты академиялық демалыста болған
_____ (себебін көрсетіңіз) менің балама
_____ (АӘТ) 20 __ж. «__» _____ Зияткерлік
мектепте оқуын жалғастыруға рұқсат етуіңізді сұраймын.

Зияткерлік мектепте оқуды жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытындымен науқасты бақылаған медициналық ұйымның денсаулығы туралы анықтамасын қоса беремін.

(қолы, АӘТ, күні)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымының білім беру
қызметінің ережесіне 1 Қосымша

Типтік оқу жоспары аясындағы элективті курстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Жалпы талаптар

Элективті курстар вариативті мектеп компонентінің құрамдас бөлігі, Зияткерлік мектептердің даму жоспарына бағытталған және ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы - NIS-programme кеңейтуге ықпал етеді.

Келесі бағыттарда жүзеге асады:

- академиялық білімдерді және зерттеу дағдыларын тереңдету;
- тіл дағдысын дамыту, халықаралық емтихандарға дайындық, шет тілінде оқыту;
- IT дағдыларын дамыту.

2. Мақсаты

- оқушының білім алуда мүдделерін, қажеттіліктерін және бейімділігін қанағаттандыру;
- оқушының бейінді оқуына қатысты және болашақтағы кәсіби қызметін өзін-өзі анықтау;

– оқу пәндерінің бір немесе бірнеше тақырыптарын терең зерттеу.

3. Міндеттері

- жеке тұлғаны оқыту мен әлеуеттендіруде даралық деңгейін арттыру;
- болашақ кәсіби қызметтің саналы және жауапты таңдауына дайындау;
- практикалық мәселелерді шешуге бағытталған оқушылардың дағдылары мен жұмыс әдістерін дамыту;
- өзін-өзі тану үшін жағдайлар жасау, оқушылардың өзіндік жұмыс дағдылары мен біліктілігін қалыптастыру және олардың жетістіктерін өздігінен бақылау.

4. Электив курстарының түрлері

Электив курстары келесілерге бөлінеді:

- инвариантты компонентке теңестірілген;
- оқушылардың қызығушылары бойынша;

Инвариантты компонентке теңестірілген элективті курстар – мектеп компонентінің құрамдас бөлігі, (IELTS, SAT, NUFYP, HSK, TOPIC, DSD) халықаралық емтихандарға, (математика, физика, химия, биология, география, информатика) бейінді пәндерден олимпиадаға дайындықты, нанотехнология, биотехнология, инженерия, робототехника, ақпараттық-коммуникациялық технологиядан курстар өткізуді, және міндетті мектеп курсың тереңдетіп оқуды ұйымдастырады.

Оқушылардың қызығушылары бойынша электив курстары - мектеп компонентінің құрамдас бөлігі, адам ресурстарын ескере отырып, оқушылардың оқу қажеттілігі негізінде құрылады.

алынып тасталынды.

5. Элективті курстар жұмысын ұйымдастыру

Элективті курстар мектептің оқу жұмыс жоспарының ажырамас бөлігі болып табылады. 5-12 сынып оқушылары оқуға міндетті вариативті компонент арқылы жүзеге асады. Оқушылар элективті курсты өздері таңдайды.

Элективті курстарды өткізу үшін топтар бір немесе параллельдік сыныптан, сонымен қатар, әр параллельдегі сыныптардан да құрылады және тұрақты құрамдағы топтар болып саналады.

Элективті курстарды өткізу барысында топтар (инвариативті компонентке теңестірілген, оқушылардың қызығушылары бойынша) оқушылар саны кем дегенде 17 болғанда топтарға бөлінеді. Екінші шет тілін оқуда топтағы оқушылар саны 12-ден кем болмауы керек.

Элективті курстар негізгі сабақ уақытында кестеге сәйкес жүргізіледі.

Элективті курстар оқу жылы бойында, бір немесе екі жыл оқылынады. Элективті курстардың бағдарламалары мектептің Әдістемелік кеңесінде бекітіледі.

6. Курстардың мазмұны

Элективті курстардың бағдарламалары мектеп пәндері мазмұнынан тыс, жеке тақырыптарды тереңдетуді және белгілі бір тақырыпты зерттеудің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Оқушылардың бірнеше пән бойынша білім синтезін қажет ететін күрделі мәселе мен тапсырмалармен таныстыру, әртүрлі кәсіби салаларда оларды дамыту әдістерімен, кәсіптік бағдарлауға көмектесу, өмірлік жоспарларды іске асыру жолдары мен мүмкіндіктерімен таныстырады. Элективті курстардың мазмұны, міндетті оқитын пәндердің мазмұнын қайталамайды.

Элективті курстардың мазмұны Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының әлемдік қауымдастықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуы керек.

7. Элективті курстардың бағдарламаларын дайындау

Инвариантты компонентке теңестірілген элективті курстардың бағдарламаларын Зияткерлік мектептердің мұғалімдері дайындалады, Әдістемелік бірлестіктің отырысында қаралып ДББҰ жібереледі. Білім беру бағдарламалары орталығы элективті курстардың мазмұнына сараптама жүргізеді, кейін ДББҰ элективті курстардың бағдарламаларын Зияткерлік мектептерге жібереді. Инвариантты компонентке теңестірілген элективті курстардың бағдарламалары, барлық Зияткерлік мектептерге ортақ, сабақ өткізу барсында, мұғалімдер мазмұнына өзгерістер енгізе алады.

Оқушылардың қызығушылары бойынша элективті курстардың бағдарламалары Зияткерлік мектептері мұғалімдерімен дайындалады, Әдістемелік бірлестіктің отырысында қаралады, оның мазмұнына және жүзеге асуына Зияткерлік мектептер жауапты.

8. Элективті курстары бағдарламаларының құрылымы

Бағдарлама келесі құрылымнан тұрады:

- 1) Бастапқы бет;
- 2) Түсіндірме жазба;
- 3) Тақырыптық-оқу жоспары;
- 4) Курстың мазмұны;
- 5) Әдістемелік ұсыныстар;
- 6) Ұсынылған әдебиеттер мен оқу-әдістемелік құралдардың тізімі, соның ішінде электрондық білім беру ресурстары.

1) Бастапқы бет келесілерден тұрады:

- мектептің атауы;
- элективті курстың атауы;
- бағдарлама арналған сынып;
- бағдарлама дайындаушы мұғалімнің тегі, әкесінің аты, өз аты;
- бағдарлама дайындау жылы;
- бағдарламаны бекіті, келісу белгісі.

2) Түсіндірме жазба келесілерден тұрады:

- аннотациядан, мектепте курсты өткізу қажеттілігінің негіздемесі;
- элективті курстың мақсаты мен міндеттері (курстың мақсаты – не үшін оқылады, оқу процесінің субъектілерінің қандай қажеттіліктерін қанағаттандырады; курстың міндеттері – мақсатқа жету үшін не қажет);

- бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі (оқытудың ұзақтығы, кезеңдері);

- материалдарды іріктеу мен құрылымдалуының негізгі принциптері;

- курстың әдістері, оқыту түрлері, жұмыс кестесі (элективті курсты оқу нәтижелері: мектепте жеке білім беру маршрутын құруда және оны оқып бітіргенде қандай табысты кәсіби мансап құруда қандай білім, дағды және біліктілік қажет, қандай қызметтер меңгеріледі, оқу үшін қандай құндылықтар ұсынылады)

- болжамды алды-ала күтілетін нәтижелер;
- нәтижелерді бағалаудағы инструментарийлер.

3) Тақырыптық-оқу жоспары келесіден тұрады:

- бөлім және тақырыптар тізімі;
- әр түрлі тақырыптарды өтудегі сағат сандары;
- оқыту түрі.

4) Оқытылатын элективті курстардың мазмұны келесіден тұрады:

- тақырыптар тізімі;
- олардың рефератты сипаттауы.

5) Әдістемелік ұсыныстар келесіден тұрады:

- әр тақырып пен бөлімнің мазмұндама компоненті;
- оқу процесін ұйымдастырудың әдістері мен құралдарын, сабақ өткізу түрлерін сипаттау;

- дидактикалық материалдар.

6) Әдебиет тізімі, оқулықтар және оқу-әдістемелік материалдарының басқа да түрлерінен тұрады, оқушылар мен мұғалімдерге ұсынылған әдебиеттің жеке тізімі құрылады.

9. Оқушылардың қызығушықтары бойынша элективті курстардың бағдарламасын бекіту және бағалау тәртібі

Элективті курстардың бағдарламалары жыл сайын 30 маусымға дейін бекітіледі.

Мұғалім белгіленген талаптарға сәйкес пән мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің отырысына бағдарламаны ұсынады.

Элективті курстардың бағдарламалары мектептің Әдістемелік кеңесінің отырысында қаралады.

Элективті курстың бағдарламасында шолу (рецензия) болу қажет.

Мектептің ең білікті және тәжірибелі мұғалімдерімен жүргізетін шолу барысында бағдарламаның өзектілігі мен мазмұны, денсаулық сақтау ерекшеліктері, мазмұнның толықтығы, ұсынылған материалдың дәйектілігі мен жүйелік сипаты, элективті курстың жалпы бейінді бағытқа сәйкестігі, оқыту әдістері, элективті курстың бағдарламасын игеру нәтижелерін бағалау және бағалау жүйесі, ресурстық тұрғыдан шынайы, бағдарламаның формалды құрылымы бағаланады.

10. Элективті курс бағдарламаларын бағалау критерийлері

1. Оқушылар үшін жаңалық дәрежесі. Бағдарлама оқу жоспарында жоқ материалдарды қамтиды

2. Бағдарламаның ынталандырушы әлеуеті. Бағдарламаның оқушыларға қызығушылық тудыратын мазмұны бар.

3. Бағдарламаның даму әлеуеті. Бағдарламаның мазмұны оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, эмоционалдық дамуына ықпал етеді, белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдануды көздейді.

4. Қойылған мақсатқа сәйкес бағдарламаның мазмұн желілерінің толықтығы.

5. Оқылатын материалдардың реттілігі, қатынастары және жүйелілігі. Бағдарлама мазмұны өтетін тақырыптарды игеруде бұрынғы немесе базалық курстардың білімдері негізінде қамтамасыз етіледі, жекеленген және жалпы білім арасындағы қарым-қатынасты анықтайды.

6. Оқу әдістері. Бағдарлама негізінен белсенді оқыту әдістеріне негізделген (жоба, зерттеу, ойын және т.б.)

7. Бақылау дәрежесі. Бағдарламада күтілетін оқу нәтижелері және олардың жетістіктерін тексеру әдістері нақты анықталған.

8. Қолжетімді ресурстар тұрғысынан шынайлығы. Бағдарлама оқу, әдістемелік және материалдық-техникалық құралдарды, сондай-ақ мектептің кадрлық әлеуетін пайдалану тұрғысынан шынайы болып табылады.

9. Бағдарламаның ресми құрылымы. Бағдарламадағы қажетті бөлімдердің бар болуы: түсіндірме жазба (міндетті түрде мақсатты белгілеу), негізгі (тақырыптық) мазмұны, күтілетін оқу нәтижесі, мұғалімдер мен оқушыларға ұсынылатын әдебиеттер тізімі.

11. Элективті курстардың нәтижелігі

Элективті курс әр оқушыға белгілі бір нәтижемен аяқталуы тиіс, мысалы: пәндік олимпиадаларда, ғылыми жобалар мен байқауларда

жүлделерге ие болу, шығармашылық эссе, ғылыми есептер, презентациялар, бейнероликтер, белгілі бір өнім немесе макет жасау, спорт жарыстарына қатысу, патенттер алу және т.б.

Оқу процесінде элективті курстар оқу барысында оқушылардың жасаған жобалары пайдаланылуы мүмкін.

Элективті курстарды оқу туралы жазба Назарбаев Зияткерлік мектептері жоғарғы мектепті бітіру туралы аттестаттың қосымшасында жазылады.

12. Оқушылардық құқығы мен міндеттері

Оқушылар жұмыс оқу жоспарымен анықталған мөлшерде элективті курстарды өз бетімен таңдауға құқылы. Оқушылардың оқу жүктемесі аптасына (жұмыс оқу жоспарына сәйкес) рұқсат етілген ең жоғары мөлшерден аспауға тиіс.

Оқушылардың және олардың заңда өкілдерінің өтініші негізінде элективті курстың бір түрінен екінші түріне ауысуы мүмкін.

Барлық оқушылардың элективті курстарға қатысуы міндетті болып табылады.

13. Жауапкершілік

Мұғалім:

- элективті курстың бағдарламасын орындауға;
- элективті курстар бойынша құжаттарды жүргізуге, курс бойынша есептердің уақтылығына және дұрыстығына;
- топтардың толуына, өздерінің таңдаған элективті курсқа оқушылардың қатысуларына жауапты.

Элективті курстардың жағдайын және оларға оқушылардың қатысуын бақылауды мектеп директорларының орынбасарлары мектептің ішкі бақылау жоспарына сәйкес жүктеледі.

Мектеп директоры элективті курстардың нәтижелігіне және сапалы жүзеге асыруына жауапты.

14. Іс-қағаздар жүргізу

Оқушылардың тізімі, сабаққа қатысуы және элективті курстардың өтуі оқу бөлімінде сақталатын сынып журналдарына жазылады.

Назарбаев Зияткерлік мектептері
дербес білім беру ұйымының
білім беру қызметінің ережесіне
2-Қосымша

Зияткерлік мектептерде үйірме жұмысын ұйымдастыру және өткізу тәртібі

Үйірме жұмысы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің бірыңғай тәрбие беру кеңістігін қалыптастыру, әртүрлі іс-шараларда тұлғаны қалыптастыру үрдісін жүзеге асыру, оқушыларды әлеуметтік қорғау және олардың қатысуымен сабақтан тыс іс-шараларға жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылады.

1. Қызығушылық бойынша үйірмелердің міндеттері:

- оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы және тұлғалық дамуы;
- қоғам өміріне бейімделуді, әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету;
- оқушыларды адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, Отанға, табиғатқа, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- оқушылардың танымдық қажеттіліктері мен мүдделерін барынша толық қанағаттандыру, олардың физикалық және психологиялық денсаулығын нығайту үшін жағдай жасау.

2. Үйірмелерді жинақтау тәртібі

Үйірмелерді жинақтау ағымдағы жылдың 30 маусымға дейін жүргізіледі және үйірме жұмысына қызығушылық танытқан оқушыларды жыл бойы қосымша толықтыруға болады.

Үйірмедегі оқушы саны 15 адамнан кем болмауы қажет және оның құрамы оқушының заңды өкілінің өтінішіне сәйкес мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

Әр оқушы түрлі бағыттағы үйірмелерде айналысуға құқылы, сондай-ақ оқыту бағытын да өзгерте алады.

Спорттық секцияға қатысуға өтініш білдірген оқушы аталмыш спорт түрімен айналысуға рұқсат беретін денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама ұсынуы қажет.

Оқушы ауырып қалған жағдайда немесе санаторлық-курорттық емделуден өтіп жатқан болса, үйірмедегі орны сақталады.

3. Үйірмелер жұмысын ұйымдастыру тәртібі

Үйірмедегі оқу жылы 1-қыркүйекте басталады және «Оқу жылының басталуы туралы» Басқарма Төрайымының жыл сайынғы бұйрығымен белгіленген уақытта аяқталады.

Жаңа оқу жылынан бастап оқу жылының аяғына дейін үйірме жұмысына дайындықты үйірме жетекшілері жүргізеді.

Үйірме кестесін жинақтау үшін үйірме жетекшілері үйірме жұмысының бекітілген бағдарламасын ұсынады. Үйірме кестеге сай өткізіледі. Кестені мектеп директоры бекітеді.

Үйірме жұмысы мектептің әдістемелік кеңесінің бекіткен бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Жетекшілер үйірме бағдарламасын құрастыру кезінде қосымша білім беру мекемелерінің бағдарламаларын (ҚР Оқу ағарту Министрлігі ұсынған) немесе өзі құрастырған бағдарламаларды үлгі етіп қолдана алады.

Оқушы оқу жылының басында таңдаған үйірмесіне жыл бойы босатпай қатысуы және оқу жылының соңында үйірмедегі жұмысы бойынша нәтижесін көрсетуі қажет.

4. Үйірме жұмысының мазмұны мен оны ұйымдастыру

Үйірмедегі сабақтар бекітілген бағдарламаға сәйкес жүргізіледі. Бағдарлама сағат санын есепке ала отырып, толық оқу жылына құрылады.

Үйірменің бағыты (оқу-пәндік, тәжірибелік-қолданбалы, спорттық және т.б.) оқушылардың сұранысы бойынша және мектептің кадрлық әлеуетіне байланысты анықталады.

Үйірме жұмысы сабақты әртүрлі формада жүргізіп, түрлі әдістерді қамтиды.

Оқушылардың түрлі жұмыстары, олардың түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадаларға, байқауларға (мектепшілік, желілік, аймақтық, республикалық, халықаралық), балалар шығармашылығының көрмелеріне, спорттық жарыстарға қатысуы үйірме жұмысының қорытындысы болып есептеледі.

Үйірмелердің кестесі мектептің негізгі сабақ кестесіне кірмейді және сабақтан кейінгі уақытта жүргізіледі.

5.Үйірмелер мен секцияларды басқару

Үйірме жетекшісі оқушылардың қызметін жоспарлайды және ұйымдастырады, білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жауап береді.

Үйірмелердің жұмысына жалпы басшылықты директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырады және үйірмелердің жұмысына тақырыптық тексеруді жүзеге асырады:

- журналды тоқсанына кем дегенде бір рет тексеру;
- мектепшілік бақылау кестесіне сәйкес үйірмелерді тексеру;
- үйірме жұмысымен қанағаттану жағдайын зерттеу мақсатында оқушылар мен олардың заңды өкілдеріне сауалнама жүргізу.

Әр тоқсанның қорытындысы бойынша үйірме жетекшілері үйірме бағдарламасын орындау бойынша есеп жазып, тапсырады.

Оқу жылының соңында үйірме жетекшілері өз жұмыстарының нәтижесін көрсетеді.

Директордың орынбасары:

- үйірме жетекшісін алдын ала ақпараттандыра отырып, үйірме жұмысына қатысуға;
- өндірістік қажеттілікке байланысты үйірме кестесін ауыстыруға;
- үйірме жетекшілері мен оның оқушыларын үйірме қызметіне қатысты қоғамдық жұмыстарға тартуға құқылы.

6.Іс – қағаздар жүргізу мен есеп беру

Үйірме жетекшілері келесідей іс-қағаздарды жүргізеді:

- мектеп әкімшілігімен келісілген және бекітілген жұмыс бағдарламасы;
- оқушылардың үйірмеге қатысуы, мазмұны мен сабақтың ұзақтығы белгіленетін үйірме жұмысының журналы;
- үйірме жұмысын ұйымдастыруға арналған әдістемелік құралдар папкасы.

Назарбаев Зияткерлік мектептері
дербес білім беру ұйымының білім беру
қызметінің ережесіне 3-Қосымша

1. Оқушыларға жеке оқу маршрутын ұйымдастыру

Оқушылардың жеке оқу маршруты (бұдан кейін - ОЖОМ) – білім беру процесінің даралық және өзгермелілігі қағидаттарына негізделген білім беруді ұйымдастыру формасы, оқушыларға жеке білім беру қажеттіліктерін іске асыруға ықпал етеді.

ОЖОМ оқушылардың жеке қабілеттері мен білім алу қажеттеліктеріне (бағдарламаны меңгеруге даярлық деңгейі) және білім беру мазмұнының қолданыстағы стандарттарына сәйкес анықталады.

1. Мақсаты

- оқушылардың жеке көзқарас және танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- оқушылардың өзекті және өмірлік құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- табысқа жету жағдайларын жасау.

2. Негізгі міндеттері:

- оқушылардың жеке білім алу қажеттіліктерін жүзеге асыру;
- оқу қабілеті жоғары оқушыларды қолдау;
- оқуға ынтасы төмен оқушыларға қолдау көрсету;
- ұзақ мерзімді ауырған оқушыларға қолдау көрсету.

3. Оқушының жеке оқу маршрутының құрылымы

Келесі компоненттерді қамтиды:

- мақсатты (білім беру бағдарламасы - NIS–Programme негізінде оқушыларды қалыптасатын білім беру мақсаттарын, қажеттіліктерін белгілеу)
- мазмұнды (оқу пәндерінің мазмұны мен құрылымын, олардың топталуы мен жүйелілігін, пән, цикл аралық және пәндер ішіндегі байланыстарды негіздеу);
- технологиялық (қолданыстағы педагогикалық технологияларды, әдістерді, анықтау, оқу және тәрбие жүйесін анықтау);
- диагностикалық (диагностикалық сүйемелдеу жүйесін анықтау);
- педагогикалық-ұйымастыру (педагогикалық мақсаттарға жетудің жағдайы мен жолдары).

4. Оқушының жеке оқу маршрутын ұйымдастыру

ОЖОМ белгілі бір тақырыпқа, бөлімге, жартыжылдыққа, оқу жылына пән мұғалімі, куратор және оқушылардың келісімімен құрастырылады. Оны жүзеге асыру барысында оқушының жеке жұмысы мұғалімнің кеңесімен қоса ұсынылып, жұмыс кестесі жасалады.

ОЖОМ кестесі құру барысында оқушының жеке ерекшелігі еске алынады: оның білім байлығы (оқушының меңгерген білімі, дағдысы); психикалық және физикалық жағдайы; жеке қасиеттері мен мінез-құлық ерекшеліктері (командада және жеке жұмыс істеу қабілеті, жады түрі, әлеуметтік белсенділігі, мотивациясы және т.б.)

Оқушының оқу траекториясы оқу процесі стратегияларымен, ғылыми жобаларды жүзеге асыратын, пәндік олимпиадалар мен жобаларға қатысатын, сонымен қоса, шығармашылық бағыты бар тәрбие траекторияларымен толықтырылады.

ОЖОМ әр оқушыға жеке оқитын білім саласына қатысты қиындық дәрежесіне қарай оқу материалын саралай немесе басқа өлшемдерге негізделгенін ескереді.

ОЖОМ мектептерде әр түрлі тәсілдермен жүзеге асады: сыныптағы, топтағы сабақтар, өз бетімен оқу, практикалық жаттығулар.

Оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер ОЖОМ-ның жетістігіне апта сайын бағалау жүргізеді, ағымдағы талдау нәтижесінде қажетті түзетулер мен толықтырулар жасалуы мүмкін.

ОЖОМ-ын жүзеге асуын директордың орынбасарлары мен кураторлар бақылау жүргізеді.

5. Оқушының жеке оқу маршрутының парақшасы

Қосымша оқуды қажет ететін оқушыларға жеке оқу бағыттарының тізімі құрылады және портфолиосында сақталатын жеке оқу маршрутының парақшасы дайындалады. Оқушылармен жеке жұмысының соңында пән мұғалімдері оқушының оқу жетістіктері туралы қорытындылар мен ұсыныстарды көрсетуі керек.

Әрбір оқу жылының соңында директордың орынбасарлары оқушылардың оқу жетістіктерін жеке оқу маршруттарының тізіміне сәйкес талдайды.

Оқушының жеке оқу маршруты парақшасының үлгісі

Оқушының

аты-жөні

_____ қаласындағы

_____ бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектептің _____ сынып оқушысы

_____/_____ оқу жылы

№	Пән атауы	Мұғалімнің аты-жөні	Сағат сандары	Өткізілген күні	Нәтижесі	Мұғалімнің қолы

Шешімдер мен ұсыныстар:
